

ПИОНЕР



АВГУСТ

1947 ЖЫЛ

8-12 №8

ОБЯЗАТЕЛЬНЫЙ ЧЛЕН



Қазақстан ЛКЖО Орталық
Комитетінің айына бір рет
шығатын балалар журналы

АВГУСТ 1947 ЖЫЛ

Шығуына 5 жыл


АБАЙ АҚЫН

Сөзі С. МАШАҚОВТІКІ.

Музыкасы И. ШАФИЕВТІКІ.



ТЕ-НІ-Э О-Й Т-Е-РЕҢ А —



Қ-ЫЛ СӨ-ЗІҢ АЛ-ТЫН Ө-ЛЕ-ҢІҢ ӨШ-ПЕС



Б-ЕЛ-ГІ-НҮР-ДАЙ-ЖАР ҚЫН КӨР-СЕҢ-ЗА-МАН-ДЫ



КӨР-КЕМ-ДА-ЛАҢ-ДЫ-ӨС-КЕН ҰР-ПА-ҒЫҢ-ТАПТЫ-БА-ҒАҢ-ДЫ



ЖЕРІ-ГҮЛ, Ө-МІР-БАЛ ЕЙ — Е-ЛІҢ Ж-АҢ-А-Р-ДЫ

Теңіз ой, терең ақыл, сөзің алтын,
Өлеңің өшпес белгі нұрдай жарқын.
Арада неше ғасыр өтседағы
Ардақтап бағалайды сені халқын.

Қайырмасы:
Көрсен заманды,
Көркем далаңды,
Өскен ұрпағың,
Тапты бағанды.

Жері-гүл, өмір-бал,
Ей, елің жаңарды.

Өмірдің неше тарап жолын көрдің,
Қыялға қанат сермеп, ойға төндің.
Ақыл, ой, сана, сезім не болжаса,
Халқыңа терең сырмен айтып бердің.

Қайырмасы:

Қызыл Қыран

(Авиация күніне арнап).

Табиғат көркемдігін тамашалап,
Көз алмай әсемдіктен түр ем қарап.
Жоғары күндей көкке көтеріліп,
Жарқырап шыға келді күміс қанат.

Моторы жел толқытып, зыр-зыр қағып,
Зымырап атқан октай барады ағып.
Шүйіліп, кейде тура шығып көкке,
Қыран құс ойын салды шыр айналып.

Шаттанып қарап оған тұрып едім,
Жас пилот ішіндегі ерді көрдім.
Қыран көз шар тарапқа қарап отыр,
Үңіліп картасына туған жердің.

Көрінген бұл советтік қызыл сұңқар,
Жер-көкте одан артық қандай күш бар!
Отаншыл туған елдің ұрпақтары —
Сталин қолдан баулып ұшырғандар.


Кеше күн өмір, өлім айқасқанда,
Әлемді қара түнек бұлт басқанда,
Ел жауын жермен жексен етті олар,
Көтеріп Отан даңқын ұлы аспанға.

Сұм жаудың еліме кеп өзі ұрынған.
Басына жай түсірді қызыл қыран.
«Жерде де, теңізде де, көктедағы —
Болды анық, — біз күштіміз! — деген ұран.

Аспанға шарықтайық көкке тиіп,
Болмасын біз ұшқанда күн де биік,
Адамзат күнді қандай ардақтаса,
Сүйсінсін, біздідағы сондай сүйіп.

Ж. АХМЕТОВ.

Алматы, 18-ер балалар мектебі.





САЙГА САЙРАН

В. КОПЫТИН

Әңгіме

Суреттерін жасаған Н. ЛЕБЕДЕВ

Балалар жорыққа кеш түсе қамланды. Көк жиектен көтерілген бұйра бұлт аспанды торласа да, олардың ойына ешқандай күдік тұғызған жоқ. Ол жаңбырдың пышапы емес, қанатың жайып орнағалы келе жатқан түп белгісін білдірді.

— Ертең біз күнді Терең сайда өткіземіз. Онда зәулім араштарды, хош иісті қызыл-жасыл гүлдерді, жайқалып тұрған көк майсаны көреміз. Күрт-кұмырысқанып илеуін, құстардың ұясып, аңдардың інін табамыз. Көрген-білгеніміздің бәрін де дәптерімізге жазып аламыз, — деді бесінші клас оқушысы Үсен Хасенов.

Екі көзі оттай жапып, маңдайына түскен кекілің бір шекесіне қарай қайырып қойған Геня Үсеннің сөзі бөлді:

— Біз Терең сайға бұрын бір рет барғанбыз. Оған апаратын жол бізге тайға таңба басқандай айқын. Отрядты мен бастап алып жүрейін. Тіпті, кәзімді жұмып-ақ табамын, — деді Геня көс жеңің шынтағына дейін түріп, сөздерін салмақтай сөйлеп.

— Ол жолды мен де білемін, — деді Марат оқалы тақыясын төбесіне қарай сырғытып.

— Ал, мен ше, мен бәрінен де артық білемін, — деді Геня, өз сөзін қайталап.

Әңгіме қысқа, сөз тұжырымды болды. Бұлар ертең таңғы сағат 7де Үсеннің үйіне жыйналуға уәде байласты. Керек-жарақтарын іңірде түгел дайындап алмақшы болды. Сөйтін балалар үйді-үйіне таралы. Бұл кезде қасқарайып бара жатыр еді. Марат пен Геня бір үйде көрші тұратын. Олар қорасына бірге келіп кірді. Терезеден түскен шам сәулесі қораны жарқыратып тұр. Есік алдына жақындап келіп, екеуі де тоқтай қалды. Аз кідірістен кейін табалдырыққа шығып, қатарласа отырды да екеуі ертеңгі сапардың жайын қайта қозғалды. Бұлар жолға нан, ерік және бес қапылтыр сауыттар, сіріңкеңің қабып, қағаз жәшіктер алып шығуды келісті.

— Бірақ, сен «Жолбарысыңды» ертіп жүрме. Ол аяғымызға орағы болады. Білесің ғой, нт алдымызға түселі де, орағытады да отырады. Құсты, аңдарды өзімізден бұрын үркітін жібереді, — деді Марат.

Сол кезде Геняның шешесінің: «Геня, Геняш-ау!» деп айқайлаған дауысы естілді. Егер әңгімені «Геня» деген дауыс бөлмесе, жас достар отыра түсер ме еді, қайтер еді, Мүмкін Геня күшігімді ерте барамын деп

Маратпен сөз таластырар ма еді? «Сау бол» десіп екі дос үйді үйіне кірді.

Түп тердесін түре таң атты. Көк жиектен күлімдеп күн де шықты. Дала күміс нұрға бөленді. Үй үстіне топтана қонған торғайлар шырылдап таң самалына тәтті үн қоса жырлады. Шырылдамай, жай ұшып жүрген торғайлар да бар. Олар әнші торғайларға біз бишіміз деп қыр көрсеткендей. Балалар тап осы бір тамаша көріністің кезінде Үсен үйінің қақпасының алдына жыйналды. Үсен бұлардың бәрінен де ересек. Ол бүгінгі жорықтың жетекшісі. Сондықтан да ол балаларға әрі ақылшы, әрі басшы болып жүр.

— Біз неше адамбыз? — деп сұрады Үсен.

— Тоғыз адамбыз, — деді басына қызыл орамал ораған қараторы қыз. Ол екінші зенонның вожатыйы Ләйлә еді. Ләйлә ыйырындағы кішкентай дорбасын жерге қойып:

— Екі-екіден қатар тұра қалыңдар! — деп команда берді. Бұл бұйрықты балалар бұлжытпай орындап қаққатар сапқа тұрды. Үсен саптың алды-артына бір қарап шықты да, қойың дәптерін алып, кішкене сарбаздарының аттарын тізе бастады. Сапта тұрғандар тымтырыс селт етпейді. Сап көрген солдаттар сияқты. Олардың жыйнақтылығы Үсеннің көңіліне ұнап кетті.

— Қане, жорыққа кім не алып шықты? Көрсетіңдер! — деді Үсен.

Геня қалтасына бәкісін шығарып:

— Мен бәкі алып шықтым, — деді дауыстап.

— Біз көбелек салу үшін сіріңкеңің қаптарың аядық. — деді Ләйлә мен Галя.

Пионерлер дорбаларын шешіп, жорыққа не алып шыққандықтарын көрсетісе бастады.

— Жақсы, өте жақсы. — деді Үсен кәзімгі командирше.

Жорық жыйыны осылайша аяқталды. Бір мезгілде Үсеннің шешесі терезеден:

— Үсен-ау, жолдастарыңа бас, көз бол, қарағым, — деді.

— Ал кеттік! — деген Үсеннің үні де анасының сөзіне жалғас шықты. Жас саяхатшылар жорық сапарына аттанды.

Олар Зергер өзеніне келіп жетті. Суы тартылыңқырап қалған екен, малта тастар жайнап жатыр, көз тар-

тады. Бірі ашақ жамбыдай. Бірі күп-күрең меруерттей. Сары, қызыл, кара тастар да толып жатыр. Әдейілеп істеген ыдыс сыяқты тастар да бар. Кейбіреуі астау сыяқты ойылған, кейбіреуі құмыра сыяқты қуыс, кейбіреуі қайрақ тәрізді мап-майда.

Ләйлә бір тасты қолына ұстап тұрып:

— Мынаған қараңдаршы! — деді нәзік дауыспен. Балалардың бәрі осы тасқа үңілді. Геня ол тасқа «асыл мұра» деген ат қойды. Бұл тас молибден екен. Үсен оны ерекше бір жәшікке салдырды.

Саяхатшылар қолдарынан ұстасып, тізбектеліп жарға өрмеледі. Олардың қарсы алдында найзадай биік қыя тау тұр. Оның жар қабырғасынан неше алуан жер қыртыстары көрінеді.

Үсен тоқтай қалып, қолымен жоғары нұсқап:

— Балалар! Қараңдар, анау кара қоңыр топырақ-жердің үстінгі қыртысы, одан төменгі сары-күм, мынау қызыл-саз, ал осы бір көкшіл жымдасып жатқан тас, — деп жер қыртысының түрлерін қолмен қойғандай айтып берді.

Үсен дәптеріне жарқабақтың көрінісінің суретін жасайды. Ұсақ тастар мен жер қыртысының әр қабатының топырағынан аз-аздап орап салып алды. Сүйтіп тағы да алға қарай жылжыды.

Бұлардың қарсы алдында төбесі көк тіреп, көкірегі керіп, гүлдерімен көріктеніп Тарбағатай созылып жатыр. Таудың етегіне іліккенде:

— Менің медальдарымды көрдіңдер ме? — деді Бейсенбек жатасына қадан алған жабысқақ, түйме бастанған өсімдіктерді көрсетіп. Бұл ботакан деген шөп еді.


Бара-бара соқпақ жіңішке берді. Соқпақтың жан-жағын қарақат, итмұрын, қасқыр жемі сыяқты жемістер басып кетіпті. Қалың шөптің биіктігі сондай, балалардың бастары қылтыйып көрінеді. Сүрлеу соқпақ бір даңғыл жолға келіп қосылды. Балалар екі-екіден қатарласа, жолмен алға жүріп келеді. Бірақ бұл жүріс ұзаққа созылмады. Жол үшке бөлінді.

— Төмен, төмен қарай! — деді бар пәрмені мен дауыстап Геня. Өзі саптап бұрылыңқырай түсті. Ол өзін бұл аймақты жақсы білетін адаммын, деп өсінтеді.

Галя жоғары жүруді мақұлдады. Кейбір балалар кімді қоштарын білмей дағдарысты. Геня айтқанынан қайтпады. Ол бұл Терең сайда бұрын болғанын қайта айтты. Оған төменгі жол апаратынын өзінше түсіндірумен әлек болды. Ендігі билікті балалардың өздеріне берді де, ол жерге отыра кетті.

Геняға сене қою қиын. Ол өгірік айтпауы да мүмкін. Ол бұл отрядтың ішіндегі ең жасы кішісі. Үсен оның сөзіне шек келтірмей нанады. Алайда, ол бұрынғы

жүрген жолын ұмытып қалуы да ғажап емес, деп күмәнданаты. Ол неде болса, Галаның айтқан жолымен жүрген дұрыс болар деген түйінге келді. Азар болса ұзақ бармай оралсақ та еш уақасы болмас, делі. Сол кезде Үсеннің басына тағы бір ой сап еге түсті. Ол қалтасынан сызылған бір тарақ қағазды алды. Саяхатшылар Үсеннің қолындағы қағазға үңілді. Бұл қағаз-басқа бір топ баланың өткен жылы осы Терең сайға серуендеп келгенде жасаған картасы мен маршруты еді. Үсен оны бір досынан қалап алған болатын. Үсен картаға қарап өздерінің қай арада тұрғандықтарын анықтады. Бірақ, ол «картада» тау, бақша, жар, сай көрсетілгенімен, сол сайға тіке баратын жол жоқ екен. Галаның айтқан жолы едәуір айналыс, бұрыс тәрізді. Ал Геняның көрсеткен жолы тете. Бірақ, картаны жасаған бала Геня айтқан жолды сайға дейін жеткізбенті. Побайы жол сайға дейін бармай бітетін болу керек. Жолдың біткен жерінен бастап томар, ағаш, төмпешік тәрізді бірдемелердің белгісі сызылыпты. Үсен мұны да Геняға көрсетті. Геня басын изеді. Ал, Галя нұсқаған жол саяхатшыларды Терең сайға бау-бақшаның, тоғайдың арасымен апаратыны анықталды.



— Жүр, кеттік! — деген дауыс естілді.

Саяхатшылар жүріп келеді. Сыбыр аяңдап келе жатқан Гея әлі де қыңжылуда. «Бұл жерге Терең сай қайдан келсін», — деп күбірлеп те қояды.

Мына түбектің ар жағынан оңға қарай бұрылып, Терең сайға беттейміз, енді алыс емес, — деп, серік сөйлеп Ләйләні қолтықтап Галя келеді.

Көкорай шалғын шөпті тамашалап, одан көз алмай келе жатқан Үсен бір кезде «тегің емес ау», — деп бір жалпақ жапрақты шөпті жұлып алды. Бұл шөптен сүт тәрізді бір ақ зат жерге тамшылады. Бұл кереметті шөпті қолына ұстап тұрып, Үсен терең ойға шомды. Ол жалма-жан дәптерін ашты: «Өсімдіктің пайдалы яки зияндылығын айыратын толып жатқан оңай, жабайы әдістер бар. Егер өсімдіктің бойында сүт сияқты зат болса, онда ол өсімдікте каучук болғаны», деген сөздерді оқыды.

Сонан кейін ол:

— Мүмкін осы шөпте каучук болуы. Мұның өзін бөлек сақтап, Мария Павловнаға көрсету керек, — деді де, оны жұқа қағазға орап жеке сап қойды.

Саяхатшылар кешет тоқтай қалды. Бір-бірі мен тек ыммен ғана тілдеседі. Үсен де жапрақты шөбін жәшікке салып болып, аяғын тездете басып алдыңғы балаларға жетті.

— Әне, қара! — деді Гея Үсеннің құлағына сыбырлап.

— Ол не?

Балаларды таңқалдырған не екеніне Үсен бірден

түсіне алмады. Ол бұта жақтан көз айырмады. Бұл сырды қайткенде де ашу керек деп ойлады ол.


— Жылан тірі тышқанды жұтып жатыр, — деді Марат.

Балалар жым-жырт қалпында бұтаға жақындады. Ойран-асыр төбелесті көрді олар. Бұл жылан да, тышқан да емес екен. Жұлқысып жатқан екі кесерткі екен. Төбелесін жүрген кесерткелерді саяхатшылар қорықпай алды. Үсен төбелестің немен тыларын күтті. Балаларды орпыңпап таңжылтпады. Өзі кесерткелерге тақай түсті. Төбелестің бызуына түскен кесерткелер оның жақындағанын сезбеді. Үлкен кесертке бір кішіректеу кесерткенің құйрығының түбінен тістеп алыпты. Балалар әлсіз жас кесерткені аяп тұр. Олар көмек көрсетуге де дайын. Бірақ Үсен рұхсат бермеді.

Ол кесерткелер бірін бірі жей ме екен, я жай төбелесін қояр ма екен, соны білгісі келіп еді.

— Ол жас кесерткенің құйрығын үзіп барады, — деп айқай салы балалар. Олар кесерткелердің үстіне уыс-уыс топырақ шашты. Қорыққан кесерткелер ұрысты қойып, екеуі екі жаққа шөп арасын қуалап қаша жөнелді.

Саяхатшылардың бүтінгі көрген-білгендері аз болмады. Олар пайдалы каучук шөбін де тапты. Ол мектептері үшін көптеген өсімдік, тас, жәндіктер жыйнады. Кесерткелер төбелесінің басы-қасында болды. Олардың, бірін-бірі аямайтын, мейрімсіз жәндік екенін білді. Саяхаттан көп олжа, терең ой алып, балалар үйге қайтты.





Бұдан 30 жыл бұрын

1917
АВГУСТ

Ұлы жауынгерлік даярлықтың съезі

Балалар бізбен-сіздердің шаттық тұрмыста өмір сүріп жүрген Отанымыз—Совет елі он-оңай құрыла қалған жоқ. Аталарымыз бен ағаларымыз талай жыл жауларға қарсы күрес жүргізді. Қантөгіс құрбандықтар болды. Мойындарыңыздағы галстуктеріңіздің бояюы қызыл. Ол сондағы сендердің болашақ бахыттарыңыз үшін төгілген қанның куәсі.

Партиямыздың тарихын оқып отырғанда, өткендегі қиын-қыстау, күрделі кезеңдер айқын көз алдыға елестейді. Бұдан отыз жыл бұрын Ұлы Октябрь социалистік революциясының қарсаңында партиямыздың VI-съезі болды. Съезд Петроградта (қазіргі Ленинград) жасырын түрде өтті, сегіз күнге созылды. Бұл 1917 жылдың август айы еді.

Съезге көсеміміз Ленин қатыса алмады. Өйткені Ленин ол кезде тыңшылардың аңдуында еді. Алайда, Ленин өзінің ең жақын серіктері Сталин, Свердлов, Молотов, Орджоникидзе арқылы съезд жұмысына нұсқаулар беріп отырды.

Бұл съезге Сталин жолдас басшылық жасады. Мұнда қаралған басты мәселе Орталық Комитеттің саяси есебі және саяси хал туралы еді, бұл жөнінде Сталин жолдасын баяндамасы тыңдалды. Ол революцияның күшейіп, дамып түскенін, оның сипатына қарағанда социалистік революция болып келе жатқанын ашық айтты. Сол кездегі аңдараң жаулар-революция жаулары бұл пікірге қарсы шабуылға шықты.

Съезд Сталин жолдас ұсынған жобаны бекітті. Кәсіпшілер ұйымы, «Түрлі жастар одақтары» туралы съезд қарарлар қабылдап, бұл ұйымдардың орасан зор міндеттер атқаратындығын атап көрсетті. Съезд Ленинді контрреволюцияшылардың сотына барудан сақтап қалды.

Съезд партияның жаңа уставын қабылдады. Съезд пролетариатпен аса кедей шаруаның берік одағын жасап, қарулы көтеріліске шығарудағы большевиктер партиясының іс программасын бекітті. Демек партиямыздың тарихи VI съезі Ұлы

Октябрь жеңісінің негізін салды. Сондықтан да бұл съезд социалистік Октябрь Революциясы қарсаңындағы елеулі кезең болып табылады.

Съезде Сталин жолдас революция жауларын әшкерелей келіп:

«Социализмге бастап жол салушы ел дәл Россия болуы ғажай емес... Бізге тек Европа ғана жол көрсете алады деген ескірген ұғымды тастау керек», деді. Сталин жолдасын бұл данышпандық сөзі қазір іске асты. Дүние жүзінде бір ғана біздің Отанымызда социализм орнады.



Партияның VI-съезінде Сталин жолдасын сөйлеп тұрған кезі.



З. БАЙСЕНТОВ.

Балалар, сендер жыл сайын еліміздің сәулетті астанасы — Москвада Бүкілодақтық физкультурашылардың парадының қандай тамашалы қызықтармен өтетінін білесіңдер ме?

1939 жылы ССР Одағы Халық Комиссарлары Советі июльдің 18ін Бүкілодақтық физкультурашылар күні деп жариялады. Бұл күні Москвада совет физкультурашыларының Бүкілодақтық парады өткізілді. Содан бері жыл сайын июль айының үшінші демалыс күні Бүкілодақтық физкультурашылар парады үнемі өтіп келеді.

Совет жастарының бұл тамаша парады быйыл да болды. Ол өткен июль айының 20 күні Москвада «Динамо» стадионында өткізілді. Быйылғы парад өткен жылдағыдан әлде қайда тамаша аса қызықты болып өтті. Оған Қазақстаннан 430 адам қатынасты.

Бұл күні Отанымыздың жүрегі Москва мерекелік сән-салтанатқа бөленіп, жарқырап кетті. Көшелерге сансыз қызыл жалаулар тігілді, транспоранттар ілінді. Зәулім үйлердің, фабрика, заводтардың үлкен корпустарының қабырғалары совет физкультурашылары мен жастарына арналған ұран-плакаттармен безелді. Радио таңертеңнен бастап-ақ жастық әндерін, асқақты әсем күйлерді бере бастады.

Парад басталды. Ең алдымен оркестр күйінің ырғағына ілесіп әр республиканың ту көтерушілері өтті. Қырмызы қызыл тулар мен одақтас республикалардың алтындалған гербтері жарқырап бара жатты. Олардың артынан Москва мектептері пионерлерінің 3000 адамдық колоннасы өтті. Балдырғандай майысқан жас балалар аяқтарын бір келкі нақ-нақ басып өтіп болды. Мұның артынан 16 республиканың физкультурашылары өтті. Қазақ қыздары үстіне қос етек жібек көйлек, мақпал қамзол, үкілі тақыя, аяқтарына биік өкше қызыл етік киіп шықты.

Парад аяқталды. Енді әр республиканың өкілдері өздерінің өнерлерін көрсетуге кірісті. Алаңға мектеп балалары шықты. Олар неше алуан құбылған қыйып дене қыймылдарын орындады. Олар дене қыймылы арқылы 800 цифрын жасап, Москваның 800 жылдығын бейнеледі. Ойын аяқталарда пионерлерден Мила Костыкова мен Геня Гладиков бөлініп шығып, үкмет басшылары отырған трибунаға беттеді. Олар Сталин, Молотов жолдастарға екі үлкен буда гүл анарып сыйлады. Жұрттың назары солай ауды. Сталин және Молотов жолдастар екі баланы көтеріп алып, қандарына тұрғызды.

Алаңға туысқан Эстонияның, Латвияның, РСФСРдың физкультурашылары шығып неше түрлі тамаша ойындар көрсетті. Латвиялықтар көк толқынды, күміс көбікті Балтық теңізінің бейнесін жасады.

Қазақстан жігіттері екі басы шокпар, күмістелген таяқша ұстап шығып өте күрделі неше қыйып дене қыймылдарын жасады. Бұл олардың Қазақ ССРның түсті металдар байлығын бейнелейтін ойыны еді. Мұнан соң қолаң қара шаштары жер сызып қыздар шықты. Олар қазақтың киіз үйінің бейнесі тігілген жібек кестенің алдында шыбықтай іліп, жібектей шайратылып биледі. Турник, алтыбакандарда жеңіл атлеттер неше алуан қыймыл көрсетіп жатты. Ақырында Қазақстан физкультурашылары үстінде қызыл ту желбіреген жанды перамида жасап: «Бізді өсірген Сталин! Сталин жолдас жасасын!» деп, көріністі аяқтады.

Парад 4 сағатқа созылды. Оның тамаша қызығы көрушілерді таң-тамаша қалдырды. Үкмет пен партия басшылары парадқа жоғары баға берді. Соның ішінде РСФСР, Украина, Қазақстан, Армян, Өзбекстан физкультурашыларының ойындары үздік жақсы деген баға алды.



ЕРТЕҢ — АҢЫЗ

(Жалғасы. Басы өткен сандарға).

М. ПРИШВИН.

Суреттерін жасаған Н. ЛЕБЕДЕВ

IX

Жидектің қалай өсетінін өмірінде көрмеген адам, батпақты аралап күні бойы тап үстінен жүріп келе жатса да, жидекті сезбейді. Жидектің де түрлі-түрлі түрі болады. Соның бірі — кара жидек. Оның бойлап өскен қылдырықтай сабағы, сабақ басындағы көбелсктің қанатындай, дөңдиген жасыл жапрақтары «мен мұнда» тұрады. Кішкене жапрақтарының түбіне шыққан кара жидектер бұршақтай ұсақ. Әр жидектің түбінде, мамық секілді үлгідеген бір шөкім шөп бар. Бұдан басқа бір, қып-қызыл жемістің аты-ит бүлдіргеп. Ит бүлдіргеннің қаракөк-жасыл жапрақтары, қар астында қалса да, сарғаймайды. Бұның жиілігі сонша, жеміс емес — қан төгілген жер екен деп қаласың. Батпақты жердегі бұталарға тағы да бір әсетім жеміс — көк жидек. Бұл ақшыл көк баданадай ірі, өткен-кеткеннің көзі шалмай кетпейтінді. Кара құр немесе қараң де қаға беріс — түкпір жерлер болады. Сондай жерде тас жидек те кездеседі. Тас жидек тал-тал боп өседі. Әрбір талындағы бір-бір шоқ қызыл күрең жемістері меруерттей мәлдіреген. Меруерт жидектің әрбіреуінің түбі жасыл әдіппен көмкерілген сәнді. Біздің жақта тағы бір, жер бауырлай шығатын жидек бар. Бұл әсіресе жазға салым, батпақ бетіндегі жерге жасырынып қап, сыртынан көзге түсе қоймайтын жидек. Бұл жидек көбейіп, бір үйірім жерді қынадай басқанда ғана көзге түседі: «Мына жерге біреу жидегін төгіп алған екен» — деп қаласың. Ауыздың суып күртқан жидектің біреуін алып жегің келеді. Бірін тартсаң, бір түбі қоса көтеріледі. Алғың келсе — қан қызыл жидектің бір жөргемін бір-ақ аласың.

Бұл жидек жазғытұрым қолға түспей қат болады, көзден бір-бір ұшады. — Сондықтан ба, жоқ, әлде өл шай ішуге оңды, денсаулыққа пайдалы, дертке дауа болғандықтан ба — неліктен екен? Әйтеуір, оны терген адамның араны ашылады. Есі кетіп нысапсыздық айда болады. Біздің жақта бір кемпір бір күні кәрзеңкесіне, көзі тоймай, сала беріп, ақырында арқалауға әлі келмей қалған екен. Жемісін үстінен алып, кемітейін десе көзі қыймайды. Кәрзеңкесімен тастап, үйіне кетейін десе — қыйып кете алмайды. Ауаы мұрнынан шығып толған кәрзеңкесінің жанында сол кемпір, солай отыра-отыра жан талсырыпты.

Бұл жидек жерің ас сыяқты, Әйелдер оны көрсө, ай-

жайыңа қарамай, бас салады. Ерсі екенін біреу көріп тұрған жоқпа екен дегендей, жан-жағына бір қарап ап, былғаныш батпақ жерге жата кетеді.

Настя ә дегенде жемісті көк өрім сабағынан біреу-леп қана үзіп жеп келе жатты. Әрбір қызарғанға бір еңкейіп қалады. Әлден соң бір жеміске бола еңкей-меді. Көңілі көпке шапты.

Жемісті біреу-екеулеп емес, уыстап алатын жерді іші сезейін деді. Енді уысын толтыратын жерге ғана еңкейді. Жолшыбайғы кездескенін уыс үстіне уыстап сыпырып келеді. Қолы қолына жүкпайды. Ала берсем, — ала берсем, — деп ынтығады.

Бұрын үйде жұмыспен жүргенде Настя жан інісін бір сағат еске алмаса, көрмесе, сөйлеспесе жүре алмайтын. Енді міне: іні кетті бір жаққа. Өзі болса мынау жүргені, наның өзінде екені, бауыр еті — іншегінің қайдағы бір жылым — кара батпақта аш жүргені де о-ына кіріп-шығатын емес. Тіпті есінде жоқ. Ол тұрмақ өзін де ұмытқан. Ойлаған, баққаны, көкейін тескен — бір ғана жидек. Алған сайын тойым жоқ: ала түссем, ала түссем, — дейді.

Бағана Митрашамен ерегісте неге сонша өті жарылып түйіп-пісті, неге сонша от боп жанған еді... Аяғын-осы тапталған жолмен жүру үшін емес пе еді... Аяғында сол жол жайына қалды. Настя соқыр адамша сый-палап, жидегі бар жерді қуып барады. Жидек қалай жетелесе, солай жүреді. Даңғыл жолынан ауып кеткенін сезбейді де.

Бір-ақ рет, ұйықтап ояғандай, селк етті: қараса, жолдан шығып кетіпті. Қай жерде шыққаны мәліссіз. Сона бір жақтан жол өткендей болып еді. Бұрылып барса, жол емес екен. Ана жақта солудай жалғаш бұтақты, саңғырап кепкен екі ағаш, мұнарадай көрініп, атой беріп шақырады.

Кішкентай қыз солай қарай ұша жөнеліп еді — бұл жақта да соқпағы болмай шықты. Осындай адасқанда бар болғыр компас есіңе түссейші. Ол туралы көзің ағы мен қарасындай туған бауыры Митрашаның айтқаны да есіңе түсе қалмайды екен. Есіңе түсіп, дәзір Митрашаға айғай салса ғой, шіркін...

Енді-енді есіңе түсер ме еді — әлде қалай? бірақ ойлануға мұршасын келтірмеді. Ойда жоқта айтуға тіл жетпейтін, көруге көз тоймайтын бір тамашаны Настя көріп қалды. Настяның бұл көргенін жидек терген жұрттың көбі өмірінде ең болмаса бір мәртебе көрді ме екен сірә?...

Екі бала бағана жай соқпақпен жүреміз деп таласқанда, бір нәрсені білмей еді. Ол үлкен соқпақ пен жалғыз аяқ сілем өкеуі Қара жылымды айналып орап кеп, Құрғақ сайдан түйсетіндігі еді. Құрғақ сайдан өткен соң, сол бойымен заулап отырып, Переславльдің үлкен қара жолына бір-ақ қосылатын. Настяның соқпағы Қара жылымның алдындағы құрғақ бауырды алысқан орап айналушы еді. Ал, Митрашаның сорабы нақ жылымды жұлықтай, қасқырып төтелете тартатын. Қара басып Митраша бидайықтан көз жазып, адам ізінен айрылып қалды. Әйтпегенде Настяның жаңа ғана жетіп тұрған жеріне әлдеқашан келетін еді.

Бұл өлкені қалың тоғай басып кетіпті. Оның сұлу көрінісін сіресе шыққан ағаштар жасырып тұр. Настяның жаңыры келген жері, Митрашаның компас бойынша келмек жері еді. Атышулы палестинка немесе жиделі, — деп аталады.

Осы қынадай қызыл жиделіге әрі аш, әрі құр қол Митраша келе қалса, көрзенкесіз не істемекші!

Настя жиделіге көрзенкесін ала келген. Оның ішіндегі қышқыл жидектің астында ұмытылып жатқан азығы да жеткілікті еді.

Жиделіге келгенінің қуанышымен бірге алтын асық тәрізденген бала қыздың есіне інісі түсе қалса қандай жақсы болар еді. Інісіне:

— Айналайын, келдік-келдік — деп, айғай қалар ма еді шіркін...

Уа, қарға—қарға, әулие күссін ау бір жүрген. Өзін бір үш жүз жыл жасаған шығарсың. Сені тапқан қарға өзінің үш жүз жылдық өмірінде көрген-білгенін жұмыртқа күнінде құлағына құйғанды. Сөйтіп, осы батпақта мың жыл бойы болған оқыйғаның жайы қарғаның атасынан баласына өтіп келеді. Ей қарға, сонда сенің көргенің мен білгенің қайсы? Неге сен бір тобыңнан бөлініп шығып, інісінің өліміші халін тігеурінді қанатыңмен неге ғана жеткізбейсің?..

Ей шіркін қарға, айтсаң еді оларға...

Өлім аузында тұрған адамның тап төбесінен ұшып өтіп баражатып:

— Дрон—тон—деді еркек қарға.

Уясында отырған ұрғашы қарға да еркегіне «дрон—тон» деп жауап берді. Оның мәнісі, ұрғашы қарға:

— Естіп тұрмын даусыңды. Қашы қап жүрме, батпақ түгел тартып әкетпей тұрғанда жылы-жұмсағынан үзіп-жулып алып қал деп тапсырып тұр.

Батпақпен еңбектеген сәби қыздың үстіне келе бергенде еркек қарға тағы бір:

— Дрон—тон—деп өте шықты. Бұл соңғы «дрон—тонның» мағнасы: қарғалардың өрен-жараны, бұйырса, осы еңбектеп келе жатқан қыздан жарықтың шығармыз, — деген сөз еді.

Барқыт — қызыл жиделінің нақ ортасында жидек жоқ. Бұл ара тақыядай дөң. Дөң үстіне дөңгеленіп қана шыққан жіп-жіп бәйтерек. Бәйтеректің арасында бір керемет мүйізді дәу тұр. Бір жағынан қараса атап өгіз сыяқтанып елестейді. Екінші жағынан қарағанда — құйып қойған жылқы. Сүмбедей сұлу келген денесі де, сымбатты-сұңғақ, су жұкпайтын сыйрақтары да, танаулары әліптей тартылған мұрыны да тап жылқыныңкіндей. Шіркінің томпылған мұрны қандай десеңші, көздері мен мүйіздері қандай еді десеңші! Көріп тұрып, өзіне-өзі сенбейсің. Өгіз де, ат та, дәнеңе де емес, әншейін көк тоғайдың ішінде үп-үлкен, көк бірдене боп тұрған бәйтеректің өздері шығар деп те қаласың. Бәйтерек деп ойлайын десең, бұл құбыжық — жайынның гостарандай еріні ағашқа сылп етіп жабыса кетеді. Боркемік жұмсақ бәйтерекке тиіп кеткен жері ізінше тілдей ақ жолақ боп шыға келеді. Осының бәрін Настя жая өз көзімен көріп тұр. Бұл дәуіпері осылай тамақтанады екен. Бәйтеректің көбінің ақ сабағын кеміріп тастапты. **Жоқ**, бұл арада енгезердей боп тұрған елес



емес, бұлан болатын. Бәйтеректің қабығы мен батпақтары ұшқұлақтың кішкентай ғана жапрақтарын жегеннен де осыныша үлкен дене біте береді екен — ау!

Бұлан жас бәйтеректің қабығын сыдырып жеп тұрып: еңбектеген қызға панданып, жап-жай, керенау қарайды.

Настя жидектен басқа іштегені көрмейді. Кескен ағаштың үлкен түбірі — қара томар бар еді. Солай қарай еңбектеп бүкең-бүкең етеді. Бір кездегі аршыған жауқазындай кішкене қыз, енді үсті-басы су-су, кір-кір, көрзенкесін мықшындап зорға қозғалтады.

Бұлан оны адам екен деп тұрған жоқ. Біз жансыз жатқан қара тасқа қандай сұлық қарасақ, бұлан да еті үйренген аңдарға сондай елеусіз, ешжар кесірленіп қарайтын аң.

Қара томар күн сәулесін жұтып-жұтып, қызын жарған кез. Кеш бата бастады. Әуе және айналаның бәрі сұрланып, салқын тартып барады. Бірақ томардың үлкен қара денесіндегі зор қызу баемалар емес. Алты көк кесіртке батпақ жақтан жорғалап кеп, осы жалды томарға бауырын төсеп жата қалды. Төрт сары көбелек келе сап қапаттарын жыйып ап мұртың тіреп, жабыса кетті. Үлкен қара шыбындар қоналқаға ұшып кеп жатыр. Уры жидектің ұзын желісі шөптердің сабағы мен түбішектерге жабысып ілесіп кеп, жылы қара томарға шырмалған. Ол томардың басына екі-үш рет иіріліп, оралып, бір ұшы төмен қарай түседі. Жылдың осы маусымында улы қара—сұр жыландар жылы жерді аңдйтын әдегі еді. Ұзындығы жарты метр, жеңлі білектей бір қара—шұбар жылан томарға жорғалап кеп, жидіктің үстіне иіріліп жата кетті.

Басы жоғары көтерместен, батпақпен қыз да еңбектеп келеді. Қүйген томарға бұ да жетті. Сорына қарай, жатқан жыланның астындағы жидек желсің тартып қалды. Қара—шұбар жылан басын қақаң өтіп көтеріліп, жұтатындай ықырып тұр. Настя да басын жұлып алды...

Жидектің қызығына түсіп, есі кеткен Настя не болғанын енді білді. Шошыл ояңған адамша, ұшып түрегелді. Сонда ғана адам екенін біліп қап: бәйтеректі кеміріп тұрған бұлан атқый жөнелді. Сырықтай ұзын күшті аяқтарын құлаштап, лақтырып, желім батпақтан жеңіл зымырап барады. Даңғыл жолмен құлдырап аққан көк қола сыяқты.

Бұланнан жүрегі бір ұшқан Настя жыланды қарап аң—таң: қара—сұр жылан қайтадан қырық бүктеліп, дөңгеленіп жатып қапты. Күннің жылы сәулесін

қыймай жатыр. Настя, жаңа томардың үстінде тап бір өзі қалып қойғандай, аяғының астында қара—шұбар жыланлар ирелендеп жатқандай, тіпті суық ішіне кіріп кеткендей: денесі муздап, тоңып қоя берді. Жыланның қасында қайдан келіп, қалай тұрғанын білмей, бір сәтке есеңгіреп кетті.

Арқасында қайыстай түп-түзу тартылған қарасы бар, үлкен сары тазы қасына кеп, қарап тұр екен. Бұл — Травка еді. Антипықтың осыны ертіп, талай-талай келгені есіне түсіп, Настя оны танып кетті. Бірақ әрі ойлап-бері ойлап, аты аузына түспей қойды. Болмаған соқ:

— Муравка, муравка, келе ғой нан берейін. — деп, дауыстап жіберді.

Сөйтті де нан алам деп көрзеңкеге ұмсынды. Көрзеңке толған жидек. Нан соның астында. Тәнертеннен бері қай заман. Содан бері мына кебежедей ішті ыдысты толтырған жидек неше түйір болды екен. Азығы жоқ, аш кеткен інісі әлде қандай жерде жүр. Настя інісін қайтып ұмытты екен. Өзі де, өзгені де тара есінен шығарғаны қалай!

Настя қара—шұбар жылан жатқан қара томарға тағы да бір қарады. Қарай сап.

— Митраша, бауырым, — деп шыңғырып жіберді.

Айқайлауға-ақ шамасы кеп, жидек толған көрзеңкенің жанына өкіре жылап, құлап кетті.

Бағанағы Қара жылымға дейін жетіп, Митрашаға естілген ащы дауыс осы еді. Митрашаның оған берген жауабын Настя естіген жоқ. Қарсы жел естіргені, басқа жаққа айдап кеткен болатын.

X

Сорлы Настя шыңғырғанда соғып өткен дауыл күндізгі өмірдің соңғы демі еместі. Қызара-бөрткен сұлу кешкі, зор тыныштық әлі басталған жоқ. Күн сол кезде үлкен, қалың ақ бұлтты кесіп өтіп, уясына еңкейген. Күнбатыстың көгіне күннің өрт қызылы жайылды. Өртеніп жанып тұрған ақ бұлттан ықыласпен төгілген әлемі сәулеге жер құанып күледі.

Настя дауысына Митраша айғайлап дыбыс бергенде, көтерілген жел—бұ да бүгінгің ақыры желігі емесі.

Күннің ыстық сары шапағы төмен түсіп, үлкен, таза, қызыл денесінің төменгі жағы жерге тиген кезде: табиғат ақыры рет күрсінді. Батпақтың баурайында отырған бармақтай әнші тоғай майдай жұмсақ үнімен сайрауда. Қой тастың жанындағы қос ағаш күңірентпейін қойған еді. Қос ағаштың басында Сырға күйрық құр төбелескіш қораз құрқ-құрқ етті. Дауысында тәнертеңгі батылдық жоқ: әйеншектеу, жабырқау.

Тырналар да үш қайырып «тыру-тыру» деді. Тәнертенгі «жеңіс» дабылы емес:

— Ал, ұйықтандар. Бірақ естеріңде болсын, біз бәрінді көп сарғайтпай оятамыз, оятамыз, оятамыз — деген сыяқты.

Күн батты. Жел, долығы басылған. Дүние жеңіл күрсініп, жұмсақ лебімен күнді шығарып салды. Енді айнала қыбырсыз оқым-жырт. Шыбынның ұшқаны естіледі. Тіпті сонау бір-бірімен дыбыс-тасқанына дейін естіліп тұр.

Бұл кезде Травка, адам басына көрішілік түсіп тұрғанын іші сезіп, солқылдап жылап жатқан Настяның қасына келді. Жаспен жуылып, сор татыған жасынан жалап алды. Настя басын көтеріп еді. Тазыға бір қарап, үндеместен сызқ етіп қайта жатты. Бұл жолы басын дәл

жидектің үстіне салды. Травканың мұрнын жидектің астындағы нанның исі жарып барады. Жегісі кеп, төніп тұр. Бірақ біреудің жидегінің ішін табанымен ақтарып төңкеруге иттің батылы бармайды. Оның орнына басын көкке көтеріп ұлып қоя берді.

Әлі есімде, баяғыда біз тоғай ішіндегі жолмен ертедегі ел әдеті бойынша, қояраулы үш ат жегіп, осындай кешке жақын жүргеніміз барды. Бір мезгілде делбеші, жулып алғандай, аттың басын тартып қалды. Қоярау әлі үзілді. Делбеші құлағын түріп тындап жіберіп, бізге қарап:

— Ойбай сұмдық! — деді.

Өзімізге де бірдеңе еміс-еміс естілгендей болды.

— Бұл немене?

— Тоғайда ит ұлып тұр: бір сұмдық бар.

Не сұмдық екенін күні бүгінге дейін біле алмай кеттік. Мүмкін сонда бір адамды осы сыяқты жылым батпақ жұтқан шығар. Адамның айнымас досы ит сол кісімен қош айтысып ұлыған болар.

Тыныштықтың тұнығын бұзған Травка дауысы жидектен шыққанын Көк жал салған жерден түсінді. Тез жетуге жаны шығып, солай қарай төтесімен құлаштап шауып барады.

Травка, бірақ, ұлығанын тез қойды. Тазының қайтадан ұлуын Көк жал да тұра қап бағып тұр.

Травка қайда кетті десеніз, осы кезде оның өзі де Қой тас жақтан үзіп — үзіп:

— Шау — шау — еткен құлаққа таныс жіңішке дауыс естіп еді.

Бұл, әрине, қоянға үріп тұрған тұлкі екенін тазы жақсы білді. Тұлкінің тапқаны бағанағы Қой тасқа кеп, өзі іскеп білген сұр қоянның ізі еді. Тазы әрине бұны да түсініп тұр. Тұлкі құлықсыз қоянға жетіп көрген емес. Жүгіре-жүгіре өкпесі өңісін деп үріп тұр. Қоян діңкелеп барып жығылар. Жығылса жатқан жерінде бассалмақ. Тұлкінің есебі осы еді. Тазы бұл құлықты да түсінді.

Травка қазір де, тап аңшылар сыяқты, тұлкінің аяғының дүрсімін әбден тындап алды. Сол бойынша қоянның қашатын жолын тоңшылап тұр. Қой тастан қашқан қоян Қара жылымға, одан Құрғақ сайға, сонан алыстап орап жидектің тартып, ақырында Қой тасқа қайтып оралатыны күмәнсіз. Травка ойын осыған бекітіп, Қой тасқа жүгіріп кеп, аршаның ішіне жасырына қалды.

Мунысына қарай кеп сарғайтып күткізген жоқ. Батпақтағы жолдың шалшық суына қоян табанының болар-болмас шілі-шіліп еткенін тазының дыбысшыл құлағы шалып қалды. Бұл шалшық су Настяның тәнертеңгі жүрген ізіне іркілген болатын. Сұр қоян әй-міле дегенше, Қой тастың іргесінен қалайда шыға келуге тиіс еді.

Аршаның тасасында Травка алдыңғы екі аяғын кесіліп сап, артқы екі аяғын бүгіп серіппедей секіруге әзір тұр. Қоянның құлағы көрінгеннен сүйірленіп тұрған тазы оқ боп бір-ақ атылды.

Тазы денесін жыйып алғанша, қоян Митрашаның сорабымен Қара жылым қайдасың деп, құстай ұшып жөнелді.

Бұл жерде қасқыр айлсын қолданғаны ем болмады: Қоян енді айналып келгенше қас қарайып кететін. Сол үшін Травка енді өзінің ата кәсібін, ит әдісін қолданып, қоянның ізіне түсіп, қуып ала жөнелді. Тазы әндіте қыңсылап, бірсыдырғы зор дауыспен үре ұмтылғанда, қоян кеш болып қалған еді.

(Жалғасы бар).





Бaubek БУЛҚЫШЕВ.

Балалар, сендер Baubek Бұлқышевты білісіндер ме? Оның шығармаларын оқығандарың бар ма? Ол тамаша отаншыл жазушы еді. Оның ұлы Отан соғысы жылдарында жазған «Өмір мен өлім туралы», «Өмір сүргім келеді», «Шығысулына хат», «Тыңда, Кавказ!» «Заман біздікі», «Жауыздық пен махаббат» деген әңгімелерін оқымаған жас елімізде кемде кем-ақ шығар. Бұл әңгімелерінде ол сен үшін, сенің келешегің үшін толғады, жас ұлан! Сенің бахытты өмірің үшін жауға қарсы оқ атып, бұл жолда ол жүрегін жарып шыққан жалынды сөзін де қару етіп жұмсады.

Baubектің бұл жылдарда жазған әңгімелері 1943-жылы өз алдына шағын жыйнақша болып басылып шықты. Ол жыйнақша «Заман біздікі» деп аталды.

Жалынды жас жазушының бұл еңбектерінен басқа да жазғандары көп. Ол 1936-жылдан бастап әуелі өлең, кейін әңгіме жазуға кірісті. Бұл жазғандарының бір қатары «Октябрь балалары» (қазіргі «Қазақстан пионері») газетінде, «Пионер» журналының Отан соғысынан бұрынғы шыққан сандарында, «Лениншіл жас» газетінде басылған.

Еш жерде жарияланбаған көптеген өлеңдері, «Айсұлу» атты ұзақ поэмасы, «Алматылықтар» деген бітпеген романы, «Алтын сағат» атты әңгімесі бар.

Baubek 1940 жылға дейін, демек Қызыл Армия қатарына шақырылғанша, «Лениншіл жас», «Октябрь балалары» газеттерінде қызмет істеді. Москвада екі жыл оқып, инженер-сапер болып шықты. Ұлы Отан соғысына қатысты. Соғыста жүріп офицерлер даярлап шығаратын соғыс училищесін бітірді. Қызыл армияның жалынды командирі болды.

Baubek 1944-жылы майданда ерлікпен қаза тапты.

Шағын өмірі ішінде ол көп білді, көп еңбек етті. Өзінің жалпы білімін көтерумен ол қандай шұғылданушы еді! Дамыл таппай оқыйтын. Осындай ізденудің арқасында ол әдебиетті, тарихты, философияны жақсы білді.

Жас ұлан, жауынгер — жазушы ағаңды есіңе ал. Оқы оның жазғандарын. Бұл шығармалар саған Отанды сүюдің жарқын үлгісін көрсетеді.

Ұялдым...



Б. БУЛҚЫШЕВ.

Менің қарт атам бар еді. Ол кісінің мені жалғыз ұлымын. Сондықтанда мен ауырып сырқаттансам атамның дөңбірі кете бастайтын. Ол кісі ыстықтан өте қорқатын еді. Ыстық шілде де аяғына шұлғау шұлғанып мәсі киіп, оның сыртына байпақты етік киетін. Үстінде үлкен күші, күшінің сыртында ұзын шекпені болатын.

Шілденің ыстық күнінде осы киімдерімен жүріп сығай бағады. Сорлы қамқоршы ата менің ауырып сырқаттанғанымда сондай тілектес, сондағы маған істейтін жәрдемі: ыстықтан қалай сақталу керек жөнінде, маған да өзінің ыстық күнде киетін қалың киімдерін киізетін.

Мен де ыстық күнде күші киіп, басыма бөрік киіп, белімді буынып алып жүруге әбден үйреніп алдым. Әй, өте ауыр-ақ болады. Ыстықта самайымнан быршып тер сай-сай болып ағады да тұрады. Әбден пысынаймын, бірақ күн өтпейтін сыықты. Расында күннің ыстығынан күннің ыстығы қиын, бірақ, көңілге медеу.

Сөйтін жүріп сөлекет — ақын еш нәрсеге ыңғайым жоқ. Және қорқақпын. Бір баламен байқаусызда керісіп қалсам да, бір балаға байқаусызда қаттырақ сөз айтсам да апырай, осының аяғы неге соғар екен, не болып қалар екен — деп өз-өзімен сөскешіп жүрегім тітірейтін де отыратын.

Өтеубай екеуіміз күртас болдық. Расында, ол менің

жақсы жолдасым еді. Оны жақсы көрегің едім, маған балалардың бәрі шілденің күнінде күші киесің деп күлгенде, ол күлмейтін еді, қайта мені қорғайтын.

Оның сыйрағы тілім-тілім болатын, табанының дүңкір іспеген, тікең кірмеген жері болмайтын.

Сол Өтеубай, бір күні таң сәріден қыстаудан асық әкелейін, менің қоймада асығым бар деп мені ертіп шықты.

Күн сондай ыстық ауыл мен қыстаудың арасы 15 шақырымдай. Менің үстімде қоржыйған күнім, басымда беркім бар, киімім қалың, екеуіміз араламаған қыстауымыз жоқ, бір асық та таба алмадық. Екеуіміз де әбден шаршадық. Ауылға қайтып, жарым ортаға келгенде, мен жүре алмай қалдым. Андасам ол өтірік айтты.

Жолда келе жатып мен Өтеубайға ренжідім, ұрыссын та қалдық.

Бірақ, Өтеубайға ренжіп қатты сөздер айтқанымда күрсын тынышым сонша кете бастады. Тіпті, расып айтқанда, осының түбінен бірдеңе шығып кете ме деген ойлар өзімді быж-тыж етті. Жүрегім дір-дір етеді. Қорқыныштың құшағына ендім.

Міне осы сыяқты менің сылбыр мінездерім, қорқақтығым, батылым бармайтындық күн санап ұлғая берді.

Мен бері келген сөң оқуға түстім. Әжеп тәуір білім

алып, кітапхана мен әптеп байланыс жасай бастадым. Оқып жүргенде де дара жүру менің басымда болды. Дегенмен, көркем әдебиет оқуды жаным сүйеді.

Сөйтін кітапханадан «Құндақтағы адам» деген бір әңгімені оқыдым. Оқып отырып біраз кейідім. Бірақ бас алмай бір рет оқып шығып, тағы бір рет оқыдым. Тағы оқыдым. Мен әңгімеге аң-таң болдым, нағыз менің мінездерімді біреу жазыпты да қойыпты. Тіпті менің күпі киетінім сыяқты қабат-қабат пальто киеті дейді. Оны қойшы, менің қорқақтық мінездерімді, апырай осының аяғы неге соғар екен деп тітірейтініме дейін жазған. Тек менің образымды берген де қойған. Тіпті менің жүрегімді, қолқамды аралап шыққан адам сыяқты.

Мұндай ұялмаспын. Есімнен әлі қалмайды. Ұялғанымнан әңгіменің авторын іздедім.

Апырмай, қандай инженер екен осыны жазып жүрген дедім!

Андасам Антон Павлович Чеховтың әңгімесі екен. Мен үшін үлкен сабақ болды. Алдында айпа тұрғанда бетіңе жүзқан күйе болса айнадан көріп, сүртің тастамайсың ба? Сол сыяқты бұл әңгіме кісінің мінез, құлқы көрінетін кеуденің айнасы екен. Мен өзімді-өзім көріп ұялдым. Сөйтін менің мінезімде тіл жетпестей жаналық пайда болды.

, 1939 жыл.

ЖҮРІП КЕЛЕ ЖАТЫРМЫН

Б. БҰЛҚЫШЕВ

Жыл жарым болып барады
Шыққаным шығыстан,
Қоштасқалы бас иіп,
Алатаумен туысқан.

Күнде жүріс, күнде ұрыс,
Батысқа кетіп барамын,
Жағаласып жауменен,
Алыспен кетіп барамын.

Өлім кешіп, қан кешіп,
Кетіп бара жатырмын.
Туын ұстап елімнің
Хауіпті кезең жерлерден
Өтіп бара жатырмын.

Тағдырың үшін, о, елім!
Тағы жүрем, тағы да!..
Ер кеудесін оқ алмас
Аттанған ел арына.

Ер өлмек емес ешқашан,
Қол созған ел зарына.
Ер қайыспас ешқашан,
Қол жуған жау қанына.

О, Алатау! О, Арқа!
Сендерден туған ұл едім,
Сендерсің менің қуатым,
Сендерсің белім, тірегім.

Ерегісте, ұрыста
Қайыспастай туған ер,
Жеңілмейтін, жеңетін
О, Алатау, қуат бер!

О, Алатау, қуат бер
Балаңа шапқан жауына!
Майдан жолы — қыйын жол,
Тағы жүрем, тағы да!..

15 октябрь, 1942 жыл.

БАЛХАШ — Мыс қаласы



Шалғайлықтан ба қалай, қара жер таспа сызығындай болып қана көрінеді. Заводтың алып корпусы да, түтіні будақтаған тұрбалар да, бірнеше қабат әдемі әуәлім үйлер де, көл үстінде тұрғандай. Бұл, Сталиндік бірінші бесжылдықтың бел баласы — Балхаш мыс балқыту зауытының бүгінгі көрінісі.

Металлургия цехы. Отражатель пешінің жанында металл шебері, комсомол мүшесі Семенова Нина тұр. Ол бақылау терезесі арқылы балқыған металдың концентраттарының қалай айрылып жатқанын байқап отыр. Нинамен қатар көрікші Жекен Керімов тұр. Жас жұмысшының үстіндегі қалың костюм мен үлкен қалпақ қақпақ жауырынды шымыр денесін бір алып сыяқты көрсетіп, оның жастық бейнесін көлегейдеп тұрғандай.

— Штейнді ағытуға болады, — деп бұйрық берді мастер.

Отты ұстап тұрған перемычканы мойынды бұзып, арнап салған жылғамен қызыл шоқтай қою металл жылжып жөнелді.

Осындай өмірі қайнап жатқан өндіріс қаласына көз жібергеніңде, бұл қала тұрған жерде бұдан онбес-жылырма жыл бұрын ештеңе болмады, жүздеген километрлеген жерінде адамның аяғы баспаған, күн көзімен шарпылған, құрғақ қу дала болды деп кім айтар!

Бұл жер туралы халық арасында талай ертегі бар.

Соның бірі мынандай:

— Жипан даланы кезіп жүретін бір жігіт болыпты. Ол өзі байлардың иттің егінен де жек көреді екен, панаһсыз кедейлерді жанындай жақсы ұнатады екен. Ол бәрі жортпас тас қараңғы түндерде байлардың үйір-үйір жылқыларын қуып әкетеді екен. Байдың шабармандары оны ұстап алып, өлтіргісі де келеді, бірақ ол ұстатпайды. Ол жігіт әрі батыр, әрі күшті болған. Оның паналайтын үйі — жапан дала, сенімді жолдасы — өрен жүйрік Қоңыр аты болған. Қоңыр ат талай рет өзінің иесін қуғыншылардан-пәлелерден сақтап қалады. Сол маңайда Қоңыр аттан жүйрік төрт аяқты жануар болмаған. Бір күні әлгі жігіт байдың үлкен үйір жылқысын айдап қашады. Жігітке өштескен бай оның соңынан көп қуғыншылар жібереді. Байдың қуғыншылары жігітті ұзақ уақыт қуады. Бірақ, Қоңыр ат шапқан сайын қыза береді, қуғыншылардан қарасын үзіп кетеді.

Ақырында қуғыншылардың дүбірі басылады. Артына қараса, қуғыншылардан ешкім де қалмаған. Қоңыр ат бір биік таудың басына жетіп жығылады. Жігіт төңрегіне қарайды, алыстап кеткенін сезіп қайғыланады. Бұл таудан Балхашқа дейін жарты күн жүру керек. Жігіт жан жолдасы, жалғыз аты Қоңыр атты тұрғызбақ болып сүйемелдеп еді, бірақ аты қыймылдамады, тек қырылдан аунай

береді. Зорыққан Қоңыр ат шөлден қаталап, ақырында өледі. Өмірінде көзіне жас алмаған батыр жігіт осы арада егіл-тегіл болып жылап жібереді.

Міне, содан бері Қоңыр ат өлген биікті, онда өскен қалың орманды «Қоңырат» деп атап кеткен.

Балхаш көлінің жағасында ертеде ешбір тіршілік өмір болмаса да, оның көмбелі қолтығында алтын, күміс, мыс, молибден, вольфрам сыяқты пайдалы кендер қазынасы бар еді.

Балхаштың мұндай байлықтары туралы шет ел капиталистері де естіді. 1927 жылы Главконцессияға ағылшынның капиталисі Лесли Уркварт былай деп жазды: «Балхаш маңы, одан да әріректе жатқан қырғыздың даласын маған шұқылап көруге бермес пе екенсіз. Бәрібір сіздер ең бері болғанда елу жылсыз немесе тіпті жүз жылсыз бұл жерді зерттеумен шұғылданбайсыздар ғой. Ал, мен ізденіп көрейін, мүмкін бірдеме табармын...»

Лесли Уркварт мырза мықтап қателесті. Ол Сталиндік бесжылдықтың күшіне сенбеді. Ол айтқандай елу жылдан кейін емес, бір жылдан кейін, 1928 жылы Балхашта зерттеу жұмыстары жүргізіле бастады. Партия мен совет үкметінің тапсыруы бойынша инженер Русаков бастаған совет геологтары 1928 жылы-ақ тұнжыраған тұйық сулы Балхашты мөңгере бастады. Олар мыстың бар жерлерін тауып осындай маңғаз даладан

үлкен мыс заводуның салу мүмкін екендігін дәлелдеді.

Балхаштың менреу даласы жанданғандай болды. Отанның шақыруымен мұнда көптеген адамдар келді. Айдын көл жағасында ақ шатырлар аққудай қаптады. Алын құрылыс қанат жайып, өрістей бастады. Күрек пен қайла өтпейтін қатты тас жерді талқандауға күшті эксковаторлар келді.

Балхаш құрылысын бүкіл ел болып салды. Өйткені бұл партия мен ұлы Сталиннің тапсырмасы еді. Совет адамдары қандай қиыншылық болмасын, Отанның, ұлы көсемнің тапсырмасын қайткенде де орындау керек екенін терең түсінді.

1935 жылы партия және комсомолдың шақыруы бойынша құрылысқа 500 коммунист, 1500 комсомолец келді. Партия мен комсомол жіберген халықтың қалаулылары құрылысшыларды еңбектегі ерлікке бастады, құрылысты шапшаң аяқтауға шақырды. Сонымен 1938 жылы 16 октябрь күні Балхаш заводуның бірінші конверторы елімізге мыс бере бастады. Елімізде продукция беріп жатқан заводтардың санына бұл завод та қосылды.

Завод та өсті, онымен қатар социалистік үлкен қала да өсті, адамдар да көбейе түсті. Кешегі көшпелі малшы, егіншілер маман құрылысшы, металшы, байыту фабрикасында жұмыс істейтін маман инженер, техник болып алды. Бұрынғы жапан далға қазір тұрбасынан түтіні будақтаған алып завод орнады. Ондаған мәдени, демалыс орындары салынды. Жаңа қаланың көшелері асфальтті, көлеңкелі бау-бақша. Ботаника тәжірибе станциясында түрлі жемістер өсіріледі. Өздерінің бау-бақшаларында жұмысшылар алуан түрлі өсімдіктерді, овоцтарды өсіреді.

Бұрынғы жалшының баласы, кен қорыту мастері, қазіргі ССРО Жоғарғы Советінің депутаты Әлімжанов Әубәкір:

— Мен Балхаш құрылысын қолдан қаласқанымға мақтанамын, сонымен қатар заводтың елімізге беріп жатқан ұшан-теңіз мысының ішінде менің де еңбек үлесім барлығына қуанамын, — дейді.

Біз Балхаш туралы сөз қозғасак, оның тек қана көл емес, сонымен қатар ол мыс, молибден, вольфрам және балық байлықтарының ордасы екенін алдымен еске аламыз.

Мыс заводуның қатарында еліміздегі ең ірі молибден фабрикасы салынған. Бергіс қолтығы жағалауында ең ірі балық консерві заводы

бар. Ірі балықшылар поселкасы осында. Қаланың солтүстік жағында үлкен дөңесі мен теміржол станциясы бар.

Көлдің шығыс жағында: Бектау-ата, Берді, Қоңырат, Гүлшаш сияқты орманды құздар көрінеді. Мыңдаған километр жазық жердегі осындай биік құздар мен таулар төбелер дәл осы жердегі кен байлығын адам баласынан жасырып қалу мақсатымен жаралған сыяқты. Бұл жерде заводтың негізгі шикі зат қоры бар. Қазір бұл жерде кен құрылысы созылып жатыр.

Сменалық инженердің будкасының терезесінен кен алақандағыдай көрініп тұр. Тоқсан бұралып жатқан жолдар кен түкпірлеріне қарай созылып кетіп жатыр. Бұл жолдар бойында жұмыс күні-түні бірдей тынбайды.

Кен құрылысының бас инженері Басов жолдас:

— Кеннің көптілігі сонша, ол төңкерілген қазандай бір дөң болып үйіліп жатыр. Кеннің денесін ашуға кірістік. Қазірдің өзінде оның қандай аумақта екенін анықтадық. Кеннің денесін толығымен ашқан уақытта, төменгі және жоғарғы забойлардың

барлығынан да теміржол составтарына эксковатормен жүк тиеуге толық мүмкіншілік туады. Ол поездар кенді тура заводқа тартатын болады. Мұндай табыстарға біздің жақында-ақ қолымыз жетеді, — дейді.

... Кен атқызудағы ауа толқыны күйінше бурқырап аспанға көтерілді. Жоғары көтерілген кесек кен жерге қайта түсіп жатыр. Эксковатордың күрегі көзді ашып-жұмғашша толып қалды. Электровоздың машинисі Григорий Карплюк бір сменада эксковатор қанша жүк тиеп үлгірсе, ол сол жүкті тиісті жеріне жеткізеді.


Он айдан бері күн сайын сағат жетіде дежурный мұнарасында қызыл жұлдыз шамы жанатын болды. Мұны көрген Қоңырат еңбекшілері:

— Кен өндіру жоспары бүгін де орындалған екен, — деп қуанады.

* * *

Балхаш өндірісі соғыстан кейінгі жана бесжылдықта да үздік өрлей түспекші. 1950 жылы Қазақстанда қара металлургия 1940 жылғымен салыстырғанда 2,6 есе өсетін болса, Балхаш мыс балқыту заводуында мыс өндіру 3 еседен артық өспекші.

Г. ГАРКУША



Балхаш мыс балқыту заводуының металлургия цехы. 74 тонналық конвертордан мыс қотарып жатқан кез.



Ж. ОРЫСБАЕВ

ОЧЕРК

Түн ортасы ауыл бара жатқан мезгіл.

Біреу кепестен киіз үйдің есігін ашып, тысқа шықты. Ол есік алдында аз кідіріп, төңіректі көзімен шолып өтті де, қотанға қарай бет алды. Дәл осы кезде бұлттан шыққан айдың нұр сәулесі әлемді сүттей жарқыратып жіберді.

Қотанда бықын жатқан қой мен ешкі. Оның айналасында аяқтарың саябыр басып, ерсілі-қарсылы Қой-өсер жүр.

— Қалай, тыныштық па, Қой-өсерім? — деді әлгі үйден шыққан кісі, алдынан шығып, еркелеп тұрған итке. Мал бағуда өзіне күндіз-түні серік болып жүрген итін ол осылай еркелететін еді.

Бұдан соң ол қотанды айнала жүріп, әлісін-әлі тоқтап төңірекке көз жіберді, демін ішіне алып, құлақ салады. Жым-жырт, ешбір бөтен дыбыс естілмейді. Мыйдай жазық дала көзден алыстаған сайын, бұалдырлана түседі. Тобылғы, бұталар анадайдан шотырмақ-шотырмақ болып көрініп тұр. Жусан мен бөтешің исі мұрын жарады.

Енді ол назарын қотандағы малға аударды. Ол шетімен бұл шеті едәуір аймақты алып, жайбарақат ыңырапа күйсең жатқан қой мен ешкіні көргенде, оның тұла бойын қуаныш сезім билей бастады. Аздап соң оның ойына өткендегі бір естен қалмас оқиғалы түн түсе қалды.

Майдан. Қарлы боран. Түн. Дүркін-дүркін атылған зеңбіректердің снарядтары мен жаң алатын тажалдай ысқырған миналар оқоңқа кейде жетпей, кейде асын түсіп, күрс жарылып жатыр. Пулемет пен автоматтан атылған оқтар бірінің соңынан бірі тізбектеліп жұлдыздай ағды да, әдетте көзден ғайып болады. Немістің қызмалды-жасылды ракета-галары әлісін-әлісін аспанға шырылдап ұшып доғаша пілген кезде даланы жаң-жарық етін жібереді. Сол өмір мен өлімнің жаң таласқан сұрашыл күндерінің бірінде автоматты кезеп ұстап, жау аянталай шапса, сыбағасын берейің деп

тұрған осы азамат еді. Сонда дүппешің төрт бұрышың ә дегенше шарықтап қайтатын ой шіркін, кіндік кесіп, туып өскен жеріне, алыстағы кең байтақ Қазақстанға. Гурьев облысының Есепол ауданы Степан Разин колхозына, тіпті қазір өзі тұрған Толыбай жайылымына келіп, қалың төрт түлік малды көріп қайтатын. «Өттең,—дейтін ол сонда,—мына зұлым жауды жеңің» елді көрер күн болса, Отан үшін, халқым үшін бұрынғыдан да бетер жаң аймай қызмет етер ем», деп арман ететін. Міне, ол дегеніне жетті. Енді бұл кісінің бір ғана мақсаты бар, ол — колхоздың өзіне сеніп тапсырған малын бері-қарыдан амаң сақтап, бүйлі ұстап, егізін сегіз, сегізін семіз ету еді.

Қотанның шетін ала жатқан ешкілердің арасынан тік мүйізді бір ақ серке оған бұрылып қарады да, бейне енесін көргендей маңырап қоя берді. Артынша орнынан жайлап тұрып, жолында жатқан ешкілердің үстерінен



аттан өтіп, төтелеп келе жатты. Серке оның жанына жетіп келіп, мүйізің оның тізесіне қойды.

— Ақ тентек-ау, сен осы ербелігіңді қашан қозсын? — деп мойнынап құшақтай алды ол. Әуелде ақ серке құшақтап шықпақшы болып, бұлқынып еді, шамасы келмейтінін білген соң, иге көніп, оның бет-аузын аймалаумен болды. Ол өткен жылы өрісте тұып, дәл осы кісі қойынына салып әкелген болатын. Аздан кейін енесінің желіні ауырып суалып кетті де қолдан сүт ішіп, жем жеп өскен.

— Жарайды, — деді ол ақ серкені құшағынан босатып, — орныға бар, мен де үйге кіріп көз ілдіріп алайын. Ақ серке маудың басқандай, мойның бұрын мүйізімен арқасын қасып тұрды.

Қойшы ата төңрекке тағы да көз жіберіп, хауіптісің-ау деген жаққа қарап дауыстан, итті айтақтады. Оның кейін енесінің желіні ауырып суалып кетті де, қолдан жерге барып қайтты.

Бұл аға шопан Жүзбаев Бұхарза еді. Бұл оның Тобыбай жайылымында көше қонып, жоғарыда айтылап Степан Разин колхозының қойын бағып жүрген кезі еді. Бұхарза Ұлы Отан соғысында бір қолынан айрылған мүгедек.

Бір мезгілде иттің ырылдаған дауысымен қотандары қойлардың үріккен дүбірі үйді басына көшірді. Бұхарза онша қатты ұйықтай қойған жоқ еді, орнынан ұшып тұрып, жүгіріп тысқа шыға келсе, көз алдында, 15—20 кадамдай жерде бір қасқыр Қойәсермен алысын жатыр. Қасқырдың қыймылынап жан шошынарлық. Беттесе кеткен итті жерге алып ұрады. Бзаланған қасқыр

адамда көрісімен-ақ итті тастай сала, аузын араңдай ашып Бұхарзаға тап берді. Ол қанелімде не істерін білмей қасып қалды да, артынан тез бой тоқтатып, қасқырға құр сыңар қолымен қарсы тұрды. Қасқыр оның қолында тескенерлік ештеңесі болмағандықтан, бірден басына шапшыды. Бұхарза қасқырдың кеңіргінен ала түспекші болып еді, қолы оның төсіне тиді. Қасқыр оның үстіндегі киімін бірнеше жерден дыр-дыр айырып жара түсірді. Бірақ, ержүрек шопан қарсыласуып тоқтатқан жоқ. Қасқыр барған сайын өкіленіп, артынан көп жармасқан итті қайта-қайта домалатып тастай берді. Бұхарзаның қаны қайнап, ашуы тасып кетті. Ол, сол минутта қасқыр түгіл арыстанмен алысудан да тайынатын емес. Реті келіп талғыз қолы қасқырдың бір жеріне іліксе, оның табанда жоқ етілетіні айқын. Қасқыр өзімен тіресе кеткен Қойәсерді жерге алып ұрып, тамағына қадалып жатты. Бұхарза осы кезде шап беріп қасқырдың артқы аяғынап алды да, ұршықша үйіреді. Үлкен қасқыр отан қаңбақ құрлы болған жоқ. Бұхарза оны сол екіндеткен күйімен тоқпақтай сылық еткізіп жерге алып ұрды. Қасқыр енді өсіп жыйып, бас көтерем дегенше, Бұхарза оның тамағынап ала түсті. Қасқырдың кеңіргіне шымшуырдай қадалған саусақтары оның кеңіргінің тиген заматта-ақ өзіп жіберді. Бұхарзаның қасқырдың тамағында қарысын қалған қолың соңынан әйелі әрең дегенде жазып алды.

Шопан Бұхарза Жүзбаевтың колхоз меншігін осындай жан қыярлықпен аман алып қалғаны үшін, оны Қазақ ССР Жоғарғы Советі Президиумы грамотамен илградтап, бағалы сыйлық берді.

АТАСЫ мен немересі

Ақсақалдың күндіз-түн
Бақша ғана ермегі.
Өсіріп бал жемісін
Жанданады еңбегі.

Тәтті ұйқыда таң алды
Тыным алмай бел шешіп,
Қалың бағын сугарды
Толарсақты саз кешіп.

Шаршамады, талмады,
Бағын күтін түзетті.
Көз шырымын алмады,
Жазғы таңда күзетті.

Уылжытты өрікті,
Мөлдіреді қарақат.
Бақшасына көрікті
Масаттанды Әли қарт.

Караша өрік, мойылы
Ғамылжыды мөлдірен.

Қызыл күрең алмасы
Бал татыйды елжіреп.

Қыраулашып жүзімі,
Меруерттей тізілген.
Жаудыраған шиесі,
Нағыл маржан сүзілген.

Немересі Болаты
Қолдан түспей күрегі.
Атасының бағында
Жұмыс істеп жүреді.

Атасынан оқыған
Еңбек қазына дастанын,
Мичуриндей болуға —
Инженері бақшаның.

Балды бармақ атаған,
Колхоздағы Әли қарт.
Жемісінен дәм татқан
Алғыс айтар мың қабат.

З. ҚАЛАУОВА



ЛАГЕРЬ КҮНІ

Бұл лагерь Алатаудың еңбір сәулетті жерінде тұр. Ол лагерь «Кіші Алматы» өзенінің кең аңғарына күнбатыс жақтан көлбей келіп қосылатын терең, тар шатқал «Ермензау» сайының шыға беріс аузында, қалың орманның арасында.

Лагерьдің екі жағы, жоғары қарасан, басынан қалпағын түсетін тік, биік жота. Ол лагерьден іде қарай үздіксіз өрлеп биіктей береді.

Қазір лагерь маңы нағыз кемеліне келіп құлпырып, құбылып тұр. Жасыл желек жамылып жайнаған көк қыя, биік бел, жасыл төпсендер неше алуан гүлдерден көрінбейді. Ақ, көк, сары, қызыл гүлдер күн сәулесімен шағылысып масаты кілемнің түріндей құбылып жайқалады. Алматы облысының ауыл шаруашылық мекемелері мен машина, трактор станцияларында істейтін жұмысшы, қызметшілердің екі жүзге жуық балалары қазір мұнда дем алууда.

Міне, тау іші біртіндеп жарық тартып келеді. Бұл — таң белгісі. Жасыл жапрақты қалың орманның әнші серілері — бұлбұлдар мен сандуғаштар тамылжыта тамаша әндеріне басты. Құрт-қумырсқа, шыйқылдауық шегірткелер де уйқыдан оялды. Муз қалпақты қарт Алатаудың қарлы шыңынан жанға жайлы салқын самал есіп тұр. Ол қош иісті сан алуан гүлдердің әтірлі жұпарын аңқытып, толқытып, шалқытуда.

Таң ертеңгі сағат жетіде Лагерь алаңына әлі күн сәулесі түскен жоқ. Гаусардай тынық таза ауа, алаң ортасына көшелене тігілген шағаладай ақ шатырларды рахат құшағына бөлеп тербеп тұр.

Сағат жетіде тартылған горниның даусы лагерьді ұйқыдан тұрғызды. Пионерлер төсектерінен тұрып, майкі, трусилерімен лагерь ортасындағы кең далаға жыйналып жатыр. Олар әбден шыныққан. Күнге тотығып бұлшық еттері күрең тартқан.

Міне, барлығы сан түзеп стройға тұра бастады. Команда мен танертеңгілік гимнастика ойнап жатыр. Балғын денелері шыбықтай майысып, жібектей шыйрағыдалы.

Гимнастика аяқталысымен пионерлер шатырларына тарап төсек — орындарын жыйнады. Олар өзенге, тастан-тасқа секіріп, көбік ағып, тасып ағып жатқан тау суына барып жуынып.

Бүгін екінші отрядтың пионерлері отряд вожатын Живикованың басқаруымен лагерьдің бас жағындағы «Алмалы» сайына 10 километрлік саяхатқа барады. Сондықтан олар күндіз екі мезгіл жейтін тамақтарын да алды. Кішкене күрек, балға, шоттармен қаруланған қағаз қарындаш алды. Олар жол жөнекей түрлі өсімдіктер мен ұсақ жәндіктер және түрлі тау жыныстарынан коллекция жыйнайды. Жүрген жерлерін картаға түсірмек.



Солетер Олағының Батыры Соломский жолда лагерь пионерлерімен әңгімелесіп отыр.

Үшінші және төртінші отрядтың пионерлері «Қоянды» қорығына аттанды. «Қоянды» өте қалың тоғайлы жер. Тіпті құрайларының өзі адамның бойынан асып кетеді. Екі отрядтың пионерлері бүгін мұнда лагерьдің физкультура-спорт ойындары жөніндегі жетекшісі Иванов жолдастың басқаруымен «Барлаушылар» атты әскери ойын ойнамақ.

Екінші отрядтың пионерлері күн түске таяғанда «Алмалы» сайына жетіп, дем алды. Сайдың жоғарғы жағы түйық, онда аспанмен таласып биік жартастар тұр. Тас арасына шырша, шеген, ыргай, тобылғы, ұшақ ағаштары, рауғаш, қимыздық шөптері өскен. Сай іші қалың алма ағаш.


Лагерьде түстен кейін үйірме жұмыстары басталды. Әдебиет үйірмесіндегі пионерлер жазушы, Сталиндік сыйлықтың лауреаты Фадеевтің «Жас гвардия» атты романын оқуға кірісті. Олар бұдан бұрын жазушы Валентин Катаевтің «Полк баласы» атты ұзақ әңгімесін ұйымдасқан түрде оқып шыққан болатын.

Кешкісін отряд пионерлері көп табыспен қайтты. Әр қайсысының қолында буда-буда гүл, шәрі-дәрмек жасалатын шөптер мен неше түрлі ұсақ жәндіктер. Кей бәреудің құрымыға салып алған жылан, шаяндары бар. Сергей Малинин мен Крючков үлкендігі тостағандай кірші ұстап алынды.

— Біз бұл заттарымыздың бәрін лагерьден қайтқаннан кейін мектебіміздің жаратылыс тауу кабинетіне береміз, — дейді Тома Хорошая.

Кешкі сағат 9 да костер (алау) жағылды. Отты қоршай отырған пионерлер арасына жазушы Богданов келді. Ол пионерлермен амандасқаннан кейін өзінің «Мысық туралы» ертегі деген қызықты әңгімесін айтып берді.

„ҚЫЗЫЛ ГАЛСТУК“



«Қызыл галстук» пьесасының ақырғы көрінісі. Валерий ролінде обнайтын артист Г. Завалов, Марина ролінде — артистка Е. Василькова, Шура Бадойкин ролінде артистка Н. Д. Исурцева жолдастар.

Біз Семей қаласынан саяхатқа шықтық. Саяхат сапарында Алматыға келдік, Астананың мәдениет орындарымен таныстық. Көптеген кинофильмдер, пьесалар көрдік. Өзіміздің сүйікті театрымыз — Қазақтың Мемлекеттік балалар және жасөспірімдер театрындағы ойындарда бірнеше рет болдық. Онда Сталиндік сыйлықтың лауреаты Сергей Михалковтың «Қызыл галстук» атты пьесасын қарадық.

Театр сахнасы ашылғанда, бізге саулетті әдемі қала көрінді. Сол қаланың бір үйінде қаланы салысушының бірі завод директоры Вишняковтың үй іші қызу еңбек етіп, өмір сүріп жатыр. Үй ішін кәрі ана билейді. Вишняковтың қызы Марина өте ұқыпты түрде сабағына дайындалып отыр. Бұзақылық, тәртіпсіздік істеп ұлы Валерий жүр. Ал, Валерийдің ата — анасы кішіпейіл, еңбек сүйгіш адамдар. Олар күндіз — түні қызметтен бас алмайды. Валерий теңтектік жасайды деп ойламайды. Валерий өзінің ата — анасынан үлгі алмайды, оларға еліктемейді. Ол әкесі салысқан осы қаланы да, Марина оқып отырған кітаптарды да, өзі тағып жүрген пионерлік қызыл галстугін де өмірге оң — оңай келетін нәрселер деп есептейді. Мектептегі үйірмелер жұмысынан тыс жүреді. Пионер ұйымына мойын сұнбайды. Тәртіпсіздікке салынады. Осы қылықтары үшін ол пионер қатарынан шығарылады. Мойынындағы жарқырап тұрған қызыл галстугінен айырылып қалады. Мұны ата — анасынан жасырады. Айлакерлікке түседі. Басқа қалаға көшпек болған әке — шешесінің жылдам көшуін күтеді. Жақсылықты ойламай, өтірік айтуды, алдау жолдарын ойлайды. Валерийдің әкесі депутат еді. Ол сол әке хұрметін сатып, көшіп барған жерінде, «бұрын пионерге түскен жоқ едім» деген жалған сөзбен пионерге қайта өтуге тырысады. Біз Валерийдің бұл мінезіне өте қатты рәнжідік. Өзіміз оқып жүрген мектепте де Валерий сияқты кейбір тәртіпсіз балалардың бар екенін еске түсірдік. Театрда отырып, бұзақылықты совет балаларының жоқ көретінін білдік. Біз мұны Семейге барғанда, жолдастарымызға әңгімелесуді ұйғардық.

далған, ұлы отан соғысында ерлік ісімен дүние жүзін тандандырған алғыр буын. Оның көушесіндегі үш орден жауынгерлік ауыр жолдан сүрінбей өткен ерлік еңбектің асқан қаһармандықтың белгісі.

Ол тәрбиелеген батыр ұрпақты есіне ал сен.

Комсомол мүшесі — Лениндік — Сталиндік жас ұрпақтың бейнесі. Оған мүше болған әрбір жас өз елін, өз халқын Ленин мен Сталиндей сүйетін, Отанына ұлы көсемдеріміздей адал қызмет етіп, жалынды патриот болуға тиіс. Ол оқуда болсын, еңбек майданында болсын басқаға өнегелі ісімен үлгі көрсететін, үздік ойлы, асқан саналы, жоғары идеялы адам, коммунизм құру жолындағы белсенді күресші болуға міндетті.

Өйткені, комсомол — большевиктер партиясының ең жақыны, жауынгер көмекшісі, сенімді жеткіншегі, бүгінгі, комсомол мүшесі — ертеңгі коммунист. Отанымыздың, халқымыздың мыйы мен көзі, ақылы мен ойы, басымы мен демеушісі — большевиктер партиясының мүшесі болудан ардақты не бар дейсін.

Қандай ұйымға мүше болатыныңды байқадың ба, жас ұлан!

Бүкілодақтық Лениндік Коммунистік Жастар Одағының мүшесі болу, комсомолдық билет алу! — Естіп

асырап отырмыз, сен оны түсінбейсің», — деп өкпелейді. Шура оған: «мен пионер ұйымының мүддесін ешкімге сатпаймын, сенің тәртіпсіздігіңді көре тұрып, оны пионер ұйымынан жасырып қала алмаймын, мені сіздердің есіркеулеріңіздің хажеті жоқ. Мен сіздерсіз-ақ адам бола аламын. Мен Америкада жүргенім жоқ», — деп тіке жауап қайырады.

Вишняков баласының бұл қылықтарын естіп, ауыр қынжылады. Оқемлік пазын айтады. Баласының қазір пионер қатарында бола алмаса, болашақта да ардақты азамат бола алмайтынын құлағына құяды.

— Пионер кезінде пионер галстугін сақтай алмаған адам, өскенде комсомол билетін де, партия билетін де сақтай алмайды. Сен соған түсінбейсің балам, — деп қынжылады. Валерийге ана да, әже де, қарындас та, достары да осыны айтып, оның айыбын бетіне басады.

Сөйтіп, ата — ана және Шура мен Марина пионер қатарына түсу үшін Валерийге көп көмек көрсетеді. Оған саналы адам болуды үйретеді. Пионер ұйымы Валерийге жарқын жол сілтейді. Оны пионер қатарына қайта алған минутта өмірде оқушыларыңды алдыңғы тобы — рады. Балалық дәуірдің балғын жастық дәуірге көтеріле бастағанын байқайды. Ол енді пионер емес, комсомол мүшесі. Кеменгер Ленин құрған, данышпан Сталин мәпелеп өсіріп отырған комсомол мүшесі. Өскендік, ержеткендік. Алда жапа бел, жапа буын тұр. Ертең, күні ертең, саған да жетеді. Ұлы партияға мүше болады.

Баурым, сен де осындай ұрыммен, келешекке үлкен сеніммен кел жауынгер штабыңа.

Жаңған самолетімен жау тобына жай оғы болып түскен Нұркен Әбдіров пен Гастеллоны, ажал оғын бүркеп тұрған жау пулеметін жас денесімен тұншықтырған Александр Матросов пен Сұлтан Баймағамбетовты, ауыр азаппен өліп бара жатса да жау алдында тапжылмай «Ұлы Сталин жасасын!» деп ұран тастап өткен Зояны, ақтық демі біткенше жау жасағын жайқай білген Әлия мен Мәншүкті, дұшпанның тылына ірткі сап, тапжылмай күрес ашқан, бас имей ерлікпен өле білген жас гвардияшыларды есіңе ал, жас ұлан! Нағыз мүшесі дегеніміз де міне осылар. Мұндай ерліктің мысалы елімізде толып жатыр. Ол сен оқыйтын мектепте, сен жұмыс істейтін колхозда, өндірісте де көп-ақ. Тек көре біл, қосыла біл солардың тобына.

„ҚАРҒАЛЫ“ БАЛАЛАРЫНЫҢ ИГІЛІКТІ ІСІ

Біз «Қарғалы» колхозынан шыққан бетімізде жалғыз аяқ жолға түстік. Бет алдымыз жазық дала.

Жазық далада жайқалып біткен егінге қараймыз. Жаппай еңбекке жұмылған колхозды ауылдың адамдары көз тартады. Олардың тегеуірінді қыймылынан бітік егінді ысырапсыз тез жыйнап алатындығы бәй калады.

Егіс даласында еңбек етіп жүрген оқушы балалар да бар. Анау жүрген пионерлер Садық пен Жапар. Олар қос атқа жеккен кішкентай орақ машинасымен бидай орып жүр. Олар қазір бала болып ойынға алдану дегенді білмейді. Шын ықыластарымен беріле жұмыс істеп жүр. Біз бұл екі баланың еңбегіне шын көңілден сүйсіндік.

Әне молотилка тұр. Оның түрілінен жер тігірейді. Жақындап, қасына да жеттік. Мұнда да біздің кішкентай достарымыз, оқушы балалар қызу іске жұмылуда. Олар машинаның бір жағынан екшеліп түскен алтын дәнді қапқа салып жыйнап, екінші жағынан түскен сабағын атпен айдап көзілестірмей әкетіп жатыр.

Қыстақтан біздің артымыздан ілесе шыққан екі бала біраз жүрген соң алдымызға түсіп, оза жүрші. Бізден бұрынырақ шыққан бір топ балалар бізден озып, алысқа ұзақ кеткен еді. Бәрінің қолдарында кішкентай қапшықтары бар. Бәрінің де бойлары бір желкі, жастары шамалас кішкене балалар. Бұлар масақ

рақат қушағына бөлеп тербеп тұр.

Сағат жетіде тартылған горинның даусы лагерді ұйқыдан тұрғызды. Пионерлер төсектерінен тұрып, майки, трусилерімен лагерь ортасындағы кең далаға жыйналып жатыр. Олар әбден шыныққан. Күнге тотығып булшық еттері күрең тартқан.

Міне, барлығы сап түзен стройға тұра бастады. Қоманда мен таңертеңгілік гимнастика ойнап жатыр. Балғын денелері шыбықтай майысып, жібектей шығратылады.

Гимнастика аяқталысымен пионерлер шатырларына тарап төсек — орындарын жыйнады. Одан езенге, тас-тан-тасқа секіріп, көбік ағып, тасып ағып жатқан тау суына барып жуықты.

Бүгін екінші отрядтың пионерлері отряд вожақтың Живикованың басқаруымен лагерьдің бас жағындағы «Алмалы» сайына 10 километрлік саяхатқа барады. Сондықтан олар күндіз екі мезгіл жейтін тамақтарын да алды. Кішкене жүрек, балға, шоттармен қаруланды, қағаз қарындаш алды. Олар әкөл жөнекей түрлі өсімдіктер мен ұсақ жәндіктер және түрлі тау жыныстарына коллекция жыйнайды. Жүрген жерлерін картаға түсірмек.



теруге бара жатқан колхоз балалары еді.

Соңғы екі бала Базарбай Әшіров пен Орынбек Дәрбасов деген пионерлер екен. Бұлар қыстақта бөгеліп қалып, анау бара жатқан топ балаларды қуып жетуге асырып барады. Бұлар быйыл осы «Қарғалы» колхозындағы орталу мектепті өте жақсы бітірген. Қазір жазғы дем алыста жүр. Олар жақсы тынығып дем алумен қатар, басқа жолдастары сыяқты, егіс даласында жұмыс істеп, ата-аналарына, апа-қарындастарына қол қабыс тигізіп жүр.

Міне, балалар, сендердің жас достарың, «Қарғалы» колхозының пионерлерінің игілікті ісі осындай. Далада бірде бас бидай қалдырмай, масақ теруді олар өзіміздің төл жұмыстарымыз деп санайды. Егін жыйнау-да олар колхозшыларға үлкен көмек

көрсетіп жүр. Қай жұмысты қолға алса да, олар шын ықыласпен беріле істейді.

Быйыл біздің Оңтүстік Қазақстан облысында егіннің шығымы айрықша жақсы. Егістің қай түрінен болса да көп өнім алмақпыз. Қазір бүкіл елімізде егін ору, бастыру ісі қызу жүріп жатыр. Даңғыл жолдармен лек-легімен өтіп жатқан қызыл керуендер. Олар мемлекетке деп алғашқы астықты әкеліп барады.

Біз жоғарыда өз көзімізбен көрген «Қарғалы» пионерлерінің жансүйсінерлік істерін әдейі айттық.

республикамыздың барлық пионер-Олардың бұл игілікті бастамасын лері қостауы керек.

М. САЛИН,

Шәуілдір аудандық жер бөлімінің бастығы

оспаңмен таласып оңк жартастар тұр. Тас арасына шырша, шетен, ырғай, тобылғы, ұшақ ағаштары, рауған, қымыздық шөптері өскен. Сай іші қалың алма ағаш.

Лагерьде түстен кейін үйірме жұмыстары басталды. Әдебиет үйірмесіндегі пионерлер жазушы, Сталиндік сыйлықтың лауреаты Фадеевтің «Жас гвардия» атты романын оқуға кірісті. Олар бұдан бұрын жазушы Валентин Катаевтің «Полк баласы» атты ұзақ әңгімесін ұйымдасқан түрде оқып шыққан болатын.

Кешкісін отряд пионерлері көп табыспен қайтты. Әр қайсысының қолында бұда-бұда гүл, дәрі-дәрмек жасалатын шөптер мен неше түрлі ұсақ жәндіктер. Кей біреудің құрымына салып алған жылқан, шаяндары бар. Сергей Малинин мен Крючков үлкендігі тостағандай кірпі ұстап алынды.

— Біз бұл заттарымыздың бәрін лагерьден қайтқаннан кейін мектебіміздің жаратылыс тауу кабинетіне береміз, — дейді Тома Хорошая.

Кешкі сағат 9 да костер (алау) жағылды. Отты қоршай отырған пионерлер арасына жазушы Богданов келді. Ол пионерлермен амандасқаннан кейін өзінің «Мысық туралы» ертегі деген қызықты әңгімесін айтып берді.



Комсомол Билеті



М. ИМАНЖАНОВ.

Жас дос! Келешегің туралы ойладың ба сен? Кім болғың келеді! Аспан әлемінде асыр салған ұшқыш болғың келе ме? Яки адам өмірін ажалдан қорғаушы дәрігер болуды ұнатасың ба? Әлде жер қыртысын зерттеп, жер қазнасын ақтарар геолог болуды қалаймысың? Мұғалым, агроном, инженер, артист!... Өміріміз қандай мазмұнды бай болса, мамандық та сондай көп. Бәрі де саған белгілі. Бәрінің де елімізде аса хажет екенін де жақсы білесің. Осының қайсы боламын десең де жол ашық. Тек бір өзіңе, таңдау, талғауыңа байланысты. Талап-жігер, еңбегіңе байланысты.

Не үшін талпынатының да мәлім, жас ұлан! Білімді маман болып, Отаныңа адал қызмет еткің келеді сенің. Игі ниет. Бірақ, кұр талпыну, қыялдау жеткіліксіз. Қыйыншылықтан тайсалмай табанды еңбек ету хажет, сүйген ісіңе саналы өміріңді сарп ете, ойлаған мұрадыңа жете білу хажет. Мұндай көңілсіздікке, еңбек сүйгіштікке, үлкен саналылыққа адам жастайынан дағдыланады. Осы жолда сенің өмірінде мектептен басқа таны бір зор тірегің, үлкен демеу, әділ тәрбиешің бар, білесің бе соны сен. Я, білесің сен оны. Соған терең көз жібер, болашақ жас маман. Өмірде кім болғың келсе де соның тәрбиесін алып өсуге тиіссің. Ол сені құрыштай берік гвардия етіп шығарады. Оның аты — комсомол, Ленин—Сталин комсомолы.

Талай жауынгерлік жолдан өткен айбынды ұйым ол. Азамат соғысының оты ішінде туып өскен, бейбіт еңбекте, Сталиндік ұлы бесжылдықтарда ер жетіп, шыңдалған, ұлы отан соғысында ерлік ісімен дүние жүзін таңдайдырған алыр буын. Оның көудесіндегі үш орден жауынгерлік ауыр жолдан сүрінбей өткен ерлік еңбектің асқан қаһармандықтың белгісі.

Ол тәрбиелеген батыр ұрпақты есіңе ал сен.

Комсомол мүшесі — Лениндік—Сталиндік жас ұрпақтың бейнесі. Отан мүше болған әрбір жас өз елін, өз халқын Ленин мен Сталиндей сүйетін, Отанына ұлы көсемдеріміздей адал қызмет етіп, жалынды патриот болуға тиіс. Ол оқуда болсын, еңбек майданында болсын басқаға өнегелі ісімен үлгі көрсететін, үздік ойлы, асқан саналы, жоғары идеялы адам, коммунизм құру жолындағы белсенді күресші болуға міндетті.

Өйткені, комсомол — большевиктер партиясының ең жақыны, жауынгер көмекшісі, сенімді жеткіншегі, бүгінгі, комсомол мүшесі—ертеңгі коммунист. Отанымыздың, халқымыздың мыйым мен көзі, ақылы мен ойы, басшысы мен демеушісі—большевиктер партиясының мүшесі болудан ардақты не бар дейсің.

Қандай ұйымға мүше болатыныңды байқадың ба, жас ұлан!

Бүкілодақтық Лениндік Коммунистік Жастар Одағының мүшесі болу, комсомолдық билет алу! — Естіп

отырсың ба, жас достым, үлкен бахыт, зор аброй бұл саған. Ойлан, шырақ, асық комсомолға мүше болуға. Осы бастан әзірле өзіңді жауынгер штабқа кіруге. Ісіңе ой-пиялың, ой-пиялыңа ісің сай болсын. Осыны, осыны ұмыта көрме, қасиетті ұйымның атына нұқсан келтіріп, кір жаға көрме, бауырым!

Кір шалмасын, қасиетті билетінді, қадірлеп ұста. Берік бол штабың жолың. Көзінді емес, көңіліңді жібер билетіңе толғанып. Сонда неңі аңғарып, кімді көрер екенсің, сен. Міне, көз алдында кеменгер атаң-ұлы Ленин бейнесі тұр. Терең ой жіберіп асқан саналықпен, зор жауапкершілікпен қарашы қасиетті суретке. Көзіңмен емес, жүрегіңмен аңғарғайсың бұл жайды. Сонда ұйымның қадірін терең ұғынасың сен. Нақ жүрегіңнің үстіндегі іш қалтаңдағы билетінде данышпан бабаң өсиет айтып, өлмес идеяға, коммунизмге бастан тұрған жоқ па сені! Әр қашан да көз алдында данышпан атаның алып бейнесі тұрсын.

Я, данышпан атаның алып бейнесі тұрсын көз алдында Қыйын-қыстау сымды кезеңдерде ұлы бейне демеуді сені. Жау қоршауында қалып қойғанда, комсомол билетін көкрегіңе басып немесе оны жүрегіңнің қанымен жуып ерлікпен қаза болған, Отан соғысында қатысқан батыр ағалардың — комсомол мүшелерінің езгі дәстүрі есінде ме? Сөз жоқ, есінде. Сен оны естен мәңгі шығармауға тиіссің.

Әрбір жас комсомолға кіріп қасиетті билетті қолына алған минутта өмірде жаңа бір қадам басқаның аңғарады. Балалық дәуірдің балғын жастық дәуірге көтеріле бастағаның байқайды. Ол енді пионер емес, комсомол мүшесі. Кемеңгер Ленин құрған, данышпан Сталин мәңгіленіп өсіріп отырған комсомол мүшесі. Өскендік, ержеткендік. Алда жаңа бел, жаңа буын тұр. Ертең, күні ертең, саған да жетеді. Ұлы партияға мүше болады.

Баурым, сен де осындай ұғыммен, келешекке үлкен сеніммен кел жауынгер штабыңа.

Жаңған самолетімен жау тобына жай оғы болып түскен Нұркен Әбдіров пен Гастеллоны, ажал оғын бүркеп тұрған жау пулеметін жас денесімен тұншықтырған Александр Матросов пен Сұлтан Баймағамбетовты, ауыр азаппен өліп бара жатса да жау алдында тапжылмай «Ұлы Сталин жасасын!» деп ұран тастап өткен Зояны, ақтық демі біткенше жау жасағын жайқай білген Әлия мен Мәншүкті, дұшпанның тылына ірткі сап, тапжылмай күрес ашқан, бас иемей ерлікпен өле білген жас гвардияшыларды есіңе ал, жас ұлан! Нағыз мүшесі дегеніміз де міне осылар. Мұндай ерліктің мысалы елімізде толып жатыр. Ол сен оқыйтын мектепте, сен жұмыс істейтін колхозда, өндірісте де көп. Тек көре біл, қосыла біл солардың тобына.

ПИОНЕРЛЕР ШЕЖІРЕСІ

В. И. Ленин атындағы жас пионерлер ұйымының тарихынан

(Жалғасы. Басы өткен сандарда)

1939

Июнь.

Дондағы Ростовтың жас техник пионерлері жел электр станциясын жасап, оны өздері қамқорлыққа алған колхозға тарту етті.

Август, 1.

Москвада Бүкілодақтық ауыл шаруашылық көрмесі ашылды. Жас табиғат зерттеушілер павильонында Советтер Одағы пионерлерінің неше алуан жұмыстары қойылды.

Август, 14.

Авиация моделін жасаушылардың Бүкілодақтық XIII-слетінде Москва пионерлері Юра Минаев пен Сережа Малик істеген гидро самолеттің моделі ұшу ұзақтығы жөнінде халықаралық рекорд жасады. Ол модель әуеде 28 минут 20 секунд ұшып жүрді.

Сентябрь, 23.

Москва қаласының жас табиғат зерттеушілерінің слеті болды. Оған 800 делегат қатынасты.

Декабрь, 21.

Бүкіл елімізбен бірге пионер отрядтары Иосиф Виссарионович Сталиннің 60 жақса толған күнін тойлады. Балалар халықтардың көсеміне, совет балаларының ең сүйікті досына арнап мыңдаған құттықтау хаттар жолдады. Барлық отрядтарда Сталин жолдастың хұрметіне пионер костері жағылды.

1940

Июнь, 23.

ССРО Жоғарғы Советі Президиумының Указы бойынша «Артек» пионер лагері В. М. Молотов жолдастың атымен аталатын болды.

Август, 21.

Бұл күні Михаил Иванович Калинин Сталин атындағы Үлкен Ферғана каналының құрылысшыларына ордендар мен медальдар тапсырды. Нағрадалғандардың ішінде үлкендерге қолқанат болған Усманов пен Исмаилов деген пионерлер де бар еді.

Август, 23.

Ярославль қаласының жас туристері Чапаев болған жерлерді аралап қайтты. Олардың саяхаты 27 күнге созылды. Балалар Чапаевскіде, Бузулукте, Уфада болып, Василий Ивановичтің жауынгер достары — Пахомов және Русановаға (бұл 15 жасар қыз кезінде Чапаев дивизиясында болған) жолықты. Чапаевтың штабы тұрған үйге барды.



Октябрь.

1940 жылғы Бүкілодақтық ауыл шаруашылық көрмесіне 13000 жас табиғат зерттеушілер қатынасты. Көрмеге қатынаскан 29 пионер үкмет наградасын алды. 6 мегежінен 92 торай өсірген, Туркмениядан келген жас малшы Огуль Курбан Аманджа «Хұрмет белгісі» орденімен нағрадталды. Жібек өсіруші пионер Тәжібай Хакімов үлкен аятын медаль алды. Бидайдың «комсомолец» атты жаңа сортын өсірген Миша Соломи үлкен күміс медалімен нағрадталды.

1941

Февраль, 13.

М. М. Калинин Карело — фин ССРы, Ведлозерскі ауданындағы Со-на селосының пионері Алеша Митрофановқа «Жауынгерлік істері үшін» медалін тапсырды. Ол, ақ финдерге қарсы соғысып жатқан әскери бөлімдерге ағасымен бірге азық-түлік, киім-кешек, қару-жарак жеткізісіп бергені үшін нағрадталған еді.

Июнь, 22.

Гитлер Германиясына қарсы Ұлы Отан соғысы басталды. Соғыс совет халқының басына, сонымен бірге оның балаларының басына ауыр күп туғызды. Соғыс совет адамдарының езгілік, социалистік отанға деген жалынды махаббат, большевиктер партиясына, ұлы Сталинге шын ниетпен берілгендік Отан үшін, халық игілігі үшін қандай да болсын құрбандыққа әзір тұрушылық сыяқты тамаша қасиеттерін бүкіл әлемнің алдына жайып салды. Соғыстың алғашқы күндерінен бастап-ақ Отанды қорғауға халықпен бірге миллиондаған жас ұландар да аттанды. Пионерлер соғыс уақытының ауыртпашылығына қарамастан мектепте жақсы оқыды, үлкен адамдардың күшті зұлым жауға қарсы күресіне қолдарынан келген көмегіні көрсетті.

Москвада, Ленинградта тағы басқа қалаларда балалар жарықтың дер кезінде сөндірілуін бақылап отырды, байланысшылар, санитарлар тобын құрып, жарақаттанған адамдарды күтіп бақты. Ауылды жерлерде пионерлер бау — бақшаны арам шөптен тазартуда, егінді күзетуде, астық жыйнауда колхозшыларға көмек көрсетті. Көптеген балалар әскери мамандықтарды үйрене бастады. Майданшылардың үй ішіне



көмектесу жөніндегі тигуршілер көзгалысы бүкіл елге жайылды. Жас пионерлер Лениншіл деген ардақты атқа дайық екендіктерін танытты.

Июль.

Немістер Добруш қаласына (Белорус ССРы) келіп кіргенде, «Енбек ері» фабрикасы жұмысшысының қызы Маня Ганафаева пионерлердің қалалық клубына жасырын барып, одан пионерлердің қалалық туын алып кетеді. Ержүрек пионерка үш жыл бойы қызыл туды көзінің қарашығындай сақтады. Неміс басқыншыларынан қала азат етілген күні пионер туы пионерлер клубының үстіне қайтадан қадалды.

Август, 28.

Москва және Горький пионерлерінің бастауымен еліміздің пионерлері мен мектеп оқушылары майданшыларға арнап жылы киімдер жыйнай бастады.

Октябрь.

Смоленскі облысындағы Демьяново селосында немістер жасырын қызыл галстук тағып жүргені үшін пионер Ваня Виноградовты атып өлтірді. Ататын жерге Ваня Виноградов ешбір қайықпай қорықпай барды. Баласын жаудан қорғамақ болып ұмтылған анасын немістер оған қоса атып өлтірді.

1942

Январь.

Пионерлер мен мектеп оқушылары партизандарға неміс басқыншыларына қарсы күресте көп көмектесті. Советтің жас отаншылдары неміс командованиесін үрейлендіріп отыр-



ды. Неміс генералы Фон Клюге өзінің бұйрығында былай деп жазды: «Жай адамдардың темір жол бойымен жүруін қалайда тыю керек. Әресе «пионерлер» дейтін совет ұйымының балаларынан сақтану керек».

Москва облысындағы Ново-Михайловскі селосының пионері Ваня Андрианов, басына төніп тұрған қауіпке қарамастан, немістердің жол тасып жатқандығын біздің жауынгерлерге келіп хабар етті. Бөлімше оның көмегімен немістердің ту сыртына өтіп шығып, олардың тас-талқанын шығарды. Батыр пионер осы ерлік ісі үшін Қызыл жұлдыз орденімен наградталды.

Москваың Мытищинскі ауданындағы 9-мектептің пионерлері трактордың 2 мыңнан астам запас бөлшектерін жыйнап, машина-трактор станцияларына тапсырды.



Май, 4.

Жау қоршауында қалған Ленинградтың мектептерінде қайтадан сабақ басталды. Бұл кезде батыр қала ауыр күндерді басынан кешіруде еді. Жұрт ашығуда болатын. Немістер күндіз-түні Ленинградты зеңбірекпен атылап, самолеттен бомбалауда еді. Бірақ балалар бұған қарамастан, мектепке барып, сабақты жақсы оқып жүрді.

Май, 19.

Сталин облысы, Артемов ауданындағы Покровскі селосында, ол аймақты немістер билеп-төстеп тұрған кезде, пионерлер оңда жасырын пионер отряды құрады. Отрядты ұй-

ымдастырушы 6-класстың пионері Вася Носаков еді. Балалар партизандарға немістер туралы хабар жеткізіп тұрды, листовкалар шығарып таратты, телефон сымдарын үзіп тастап отырады.

Немістер өздерін талай жер соқтырған бұл «ірі партизан отряды» ұзақ тіміскілеп іздеді, барлық полициясын аяғынан тік тұрғызды, бірақ оларды таба алмады. Партизандар ізі-түсі де көрсетпеді. Советтің ержүрек жас ұландары Қызыл Армия келгенше жауға қарсы күрестерін еш тоқтатқан жоқ.

Сентябрь.

Совет хабаршы бюрфесы Ворошиловград облысындағы Дарбев селосының 13 жасар пионері Коля Никифоровтың ерлікпен қаза тапқанын хабарлады.

Қоляны немістердің жазалаушы отряді ұстап алады. Офицер Қолядан партизандардың қайда екенін айтып беруді талап етеді. Бала ешнәрсе білмеймін дейді. Гитлершілдер Қоляны аюанша азаптап сабайды. Саусақтарын сындырады, құлағын кеседі. Ақыры Коля ләм-ем деп тіл қатпаған соң, фашист жеңдеттер оны атып өлтіреді.

Сентябрь, 15.

БЛКЖО Орталық Комитеті пионер ұйымының жұмысы туралы қаулы алды. Орталық комитет пионер ұйымдарына дружина жыйынында жақсы пионерлерді комсомол қатарына өтуге ұсынып отыруға право берді.

Сентябрь, 16.

Москва облысы Краснополянскі ауданындағы Сухарев мектебінің пионерлері Советтер Одағының барлық пионерлері мен мектеп оқушыларына Улы Октябрьдің XXV жылдығын майданшыларға сәлемдеме жіберумен қарсы алайық деп үндеу жазды.

Балалар үндеуінде қазірдің өзінде 200 шәрпі, 200 пар жылы носки, 100 пар ішкіім, 100 пар қолқап, 50 шлем, 50 мақталы күртік, 100 құлақшын, 5 пар пима дайындан қойғандықтарын айтты.

Ноябрь, 8.


Бүкіл елімізде «Пионер-майданға» деген Бүкілодақтық пионер жексембілігі өткізілді. Балалар мектептерінің отынын кесіп жарды, госпитальдардың ішін безендірді, жаралы жауынгерлерге той асынан апарды, металл сынықтарын жыйнады, майданшылардың үй ішіне қысқа дайындалу жөнінде қолжабыстарын тінді.

(Жақсылық Билі)




Д Ә У Р Е Н

Әрбір жерге төбешік қып,
Үйіп майда топрақты.
Отыр ойнап Дәурен бөбек,
Көлеңкелеп салқын жақты.



Қадап қатар шыбықтарды,
Басына оның байлап жіпті.
—Бұл телеграф сымы,—дейді,
Сөйлейтұғын қызық тіпті.

Ұзынша екі тақтайды ап,
Оған жолдың бейнесін сап.
Паровозын жүргізбекші ол,
Темір жолға тұрған ұқсап.



Тіркеп жатыр вагондарын,
Жолаушысы қайда оның?
Кім болады машинисі,
Кондукторы және мұның?




Паровоз боп өзі айқайлап,
Әзір тұр ол жүргізгелі.
Қолыменен қозғап қояд,
Жылжытқалы оны ілгері.



Сәл жүрді де тоқтап қалды,
—Келдік үйге түсіндер!—деп.
Қарап тұрды мейірленіп,
Көктен алтын күн күлімдеп.

К. БАЙЗАҚОВ





Жас дос, сен табиғат дүниесі қоршауында өмір сүресің. Онда сен білмейтін көптеген қызық оқиғалар мен құбылыстар бар.

Егер табиғат құбылысы және ғылым мен техника жөнінде өзіңнің түсініксіз сұрауларың болса, редакцияға жазып жібер. Редакция сенің сұрауыңа жауап қайтарады.

КЕМІРГІШ ТЫШҚАНДАРДЫ АУЛАУДЫҢ БІР ЖОЛЫ

Тышқан тәрізді кеміргіш жәндіктерді ұстаудың қызық әдістері бар. Соның бір түрі мынау: кеміргіш жәндіктер жайлаған жерлерге кішкене темір қақпан құру керек. Оларды шахмат тәртібімен жерге қазып, айналасын топырақпен жауып қояды да, төбесінен жарықша тесік қалдырады. Оның үстінен таяқшаға жіп байлап, оған қармақ ілінеді. Қармақтың ұшына кішкентай күрт (жәндік) шаншып қою керек. Қақпандағы күртанда, олардың әрқайсысының арасына арықша қазып қойындар. Кеміргіштер, көбінесе, осындай арықша бойын аралап жүруге өте әуес келеді. Жорғалап жүріп, жіпке байланған күртты жеймін дейді де, көмүлі жатқан қақпанға түсіп қалады.

КЕМПІРҚОСАҚ НЕДЕН ПАЙДА БОЛАДЫ?

Күн сәулесі айнаға, әйнектің сынығына түскенде, ол шағылысып қызыл, сары, жасыл, көк сыяқты бірнеше түстерге бөлінеді. Мұны өздерің талай байқаған да шығарсыңдар. Күн сәулесінің осылай бірнеше түске шашырауы ауада да кездеседі. Демек, күн сәулесі дымқыл ауаға шағылысады, оны кемпірқосақ деп атайды.

Кемпірқосақ ауаның (атмосфераның) төменгі қабатында пайда болады. Өйткені ауаның төменгі қабаты жаңбыр тамшылары сіңген, дымқыл болып келеді. Сол ұсақ жаңбыр тамшыларына күн сәулесінің шағылысқандығынан барып ауада кемпірқосақ көрінеді. Және кемпірқосақтың көк күмбезінің күнге қарама-қарсы жағынан көрінетіндігі де сондықтан.

КӨШПЕЛІ УЯЛАР

Үлкен темір жол станциясында резервте бір паровоз ұзақ уақыт тұрып қалды. Көктөм кезі еді. Машинистің бос тұрған будкасына қарлығаш көп уя салды, сонда жұмыртқалап, балапан басып шығарды. Сол кезде паровозға кісілер кел, пешіне от жарыл, жүргізе бастады. Бірақ,

қарлығаштар уясын тастап кетпеді. Паровоз қайда барса да, сонышаң қалмады. Паровоздың өкірген даусынан, түтіннен, пардан сескенбей, паровоз қатты жүріп келе жатқанда будкаға келіп кіріп, балапандарына тамақ әкеп беріп жүрді.

Ақырында, қарлығаш балапандарын аман-есен өсіріп, өзімен бірге ұшырып әкетті.


Ал, қараторғайдың уясын бір жерден екінші жерге ауыстырса, ол уясына қайтып жоламайды. Ол бөбеу қағып уясы алғашқы тұрған ағаштың басында айнала ұша береді. Ол таяу жерде-ақ тұрған уясын байқамайды, аш балапандарының аңы дауысына көңіл бөлмейді. Тек бір қараторғай емес, басқа құстар да осылай етеді.

Бірақ, паровоз яки үстіне күе уясы салынған басқа бір үлкен зат орнын ауыстырғанымен құстарға уясы орнынан қозғалмаған сыяқты боп көрінеді. Уясының төңрегіндегі заттарды олар ұмытпайды. Сондықтан да паровоз жүріп жүрсе де қарлығаш уясынан айрылмады.

ҰЛЫ ЖЫЛАНДАРДЫҢ ҚАНДАЙ БЕЛГІЛЕРІ БОЛАДЫ?

Қазақстан жерінде ұлы шартатын жыланның үш түрі бар. Олар: сары шубар жыланның екі түрі және оқ жылан.

Ұлы жыландардың басы үш бұрышты, мойны жұншкерек келеді. Сонымен қатар ұлы жыландардың көзі дөңгелек емес, қысқа және олар қараңғыда да өте көргіш болады. Ал, шақпайтын жыландардың көзі дөңгелек болады.



Ұлы жыланның басы.

ҒЫЛЫМНЫҢ КҮШІ

1944 жылы 3 март күні 19 сағат 41 минутта Н. гвардия атқыштар полкінің жауынгері Валентин Черепанов ауыр жаралы болып, қанынан орасан көп айырылғандықтан қайтыс болады.

Осыдан 1 минут өткеннен кейін, демек 19 сағат 45 минутта дәрігер Неговский Черепановты тірілту әрекетіне кіріседі. Ең алдымен өлікке қолдан демалғызады, одан соң қандарын жүргізеді. Бұл әрекеттерден бір минут өткеннен кейін қайтыс болған Черепановтың жүрегі соға бастайды. 3 минут өткеннен кейін әлгі адам өзігінен дем алатын халге жетеді, 20 сағат 30 минутта ол қолдарын, аяқтарын қозғайды. Бұдан 20 минут өткеннен кейін басын көтеріп,

көзін ашады. Келесі күні ол панның сәулесін көреді. Бірақ, қасында тұрған адамды сезіп, білуге әлі де шамасы келмейді. Дәрігер ол адамды әртүрлі жолдармен емдей береді. Ол сұраған сөзге дұрыс жауап қайтаратын дәрежеге жетеді. Тағы да бірнеше сағат өткеннен кейін ол төңректігінің бәрін де толық өз көзімен көріп, айыра таный біледі.

Черепанов сөйтіп қайта тіріліп, жазылып кетеді. Ол өзінің туған жері Дзержинскіде тұрады, қызмет істейді.

1946 жылы көктемде Черепанов Дзержинскіден Москвадағы дәрігер Неговскиймен телефон арқылы сөйлесіп, дәрігерге адамгершілік қызметі үшін мәттен-дөп алғыс айтты.






Есептер

1. 666 деген санды арифметикалық жолмен ешқандай өзгеріс жасамай, бір жарым есе өсіріңдер.
2. Қарзинкедегі 5 алманы бес кісі бір-бір алмадан бөліп алғанда, қарзинкеде бір алма қалуы керек.

Жауап

«Пионер» журналының 1947 жылғы 4-санында басылып шыққан «тоғыз қыйық» деген жұмбақ суреттің жауабы.



Балалар, мына суретте 18 шеңбер көрсетілген. Осындағы 13 шеңберді үстінен геометриялық қыйық сызық жүргізіп сызып тастандар. Сонда қалған 5 шеңбердің әрқайсысына бір-бір әріптен орналастырып, бір үст сөз жазыңдар. Бірақ, ол сөз оңнан солға қарай және солдан оңға қарай оқығанда, бір мағына беретін болсын.

М. КУДРЯШЕВ

Қарт не айтты?

Екі бала тей жарыстырып жүрді. Бір күні біреуінің тайы озып, екінші күні екіншісінің тайы озып, бұлар әбден жалықты.

Бір күні Әмірбек тұрып былай деді:

— Біз ертең бөйге тігіп жарысайық. Бірақ, бөйгені кімнің аты артта қалып қойса, сол алсын, — деді. Омар тұрып оған:

— Жарайды, — деді. Екі бала өздерінің айтқан серттерінен қайтпай, екінші күні тайлаарын шынтуайттан жарыстырмақшы болды. Мұны естіп олардың құрбы-құрдастары, достары тай шабатын жерге жыйналды. Әмірбек пен Омар тайларына мінді Тай шабатын мезгіл болды, шабуға белгі берілді. Бірақ, Әмірбек пен Омар тайларының тізгінін тежеп ұстап алған, орындарынан қозғалатын емес. Тұрған жұрт күле бастады.

— Бұлар осылай тартысып тұрғанда, күн де бағар, — десті. Сол кезде бір қарт келіп:

— Бұл не жыйын? — деп сұрады. Балалар қартқа істің мәңжайын айтып берді.

Қарт тұрып:

— Е, түсіндім, — деді. — Қазір құлақтарына бір сөз сыбырласам-ақ болғаны олар шаба жөнеледі. Айқанындай шал келіп, тайға мініп тұрғандардың құлақтарына сыбырлап еді, олар ай-түйге қарамай шаба жөнелді. Олар бір-бірі қалайша озуға тырысты. Тайлар шауып көмбеге келді. Уәде бойынша бөйгені артта қалған тайдың иесі алды.

Сонымен, қарт балаларға не айтты?

Х. СҮЛЕЙМЕНОВ,

Бұл қай сөз?

МАЗМҰНЫ

Ж. Ахметов — Қызыл қыран (өлең)	1 бет.	Э. Қалауова — Атасы мен цемересі (өлең).	15 бет.
В. Қопытин — Сайға сайран (әңгіме)	2 "	лагерь күні.	17 "
Бұдан 30 жыл бұрын	5 "	М. Қыдырбекова — «Қызыл галстук»	17 "
З. Байсеитов — Бахытты жастықтың салтанаты	6 "	М. Салин — «Қарғалы» балаларының игілікті ісі	18 "
М. Пришвин — Күн қоймасы (әңгіме, жалғасы)	7 "	М. Камалиев — Сырымбет (өлең)	18 "
Жауынгер — жазушы	10 "	М. Иманжанов — Комсомол билеті	19 "
Б. Вүлкышев — Уялдым (әңгіме)	10 "	Пионерлер шежіресі	20 "
Жүріп келе жатырмын (өлең)	11 "	К. Байзақов — Дәурен (өлең)	22 "
Г. Гаркуша — Балхаш—мыс қаласы (очерк)	12 "	Білгім келеді	23 "
Ж. Орысбаев — Шопанның ерлігі (очерк)	14 "	Ойлап тап	24 "

Мұқабаның 1, 4 — беттеріндегі суреттерді жасаған суретші, Н. Сенюков пен Н. Лебедев

Редколлегия мүшелері: Т. Абдрахамнов (жауапты редактор), Н. Ахмедова, Э. Бектұров, Қ. Борамбаев, Қ. Жармағамбетов, М. Иманжанов, Э. Сәрсенбаев, Э. Сытдықов, А. М. Черкасский, Тех. редактор А. К. Доморошин,

Редакцияның адресі: г. Алма-Ата, проспект Сталина 73. Редакция журналы «ПИОНЕР».

Подписано к печати 9-Х 1947 г. УГ63769 Объем 3 п. л. Тираж 10.000

Гостипография № 3, Управления полиграфии и издательства при Совете Министров КазССР г. Алма-Ата, Проспект Ленина 2. Заказ № 815

462303

„ТОҒЫЗ ҚҰМАЛАҚ“ ОЙЫНЫ

«Тоғыз құмалақ» — ежелден қазақ халқының арасында көп тараған, жұрттың қызығын, сүйсініп ойнайтын ойыны.

«Тоғыз құмалақ» ойынына әдейілеп жасаған ойын тақтасы және 162 шар керек (шардың аумағы 5-6 миллиметр). Ойын тақтасының құрылысы шахмат тақтасы сыяқты, оның сыртқы бөлігіне шахмат, дойбы ойнауға болады. Ал ішкі бетіне «тоғыз құмалақ» ойынын ойнауға арнап 18 жіпке не ұя (отау) және 2 үлкен ұя (қазан яки орда) ойылған. Бүктемелі шаршы ойын тақтасының екі қанатының екі бұрышына артық шарлар салынып қойылатын екі жөшік орнатылған.

Әр отаудың белгілі аты бар: ойнаушыдан солдан оңға қарай санағанда: 1—отау «құйрық» деп аталады, оның себебі бұл отаудан үнемі тас күзілмейді. 2—отау «тектүрмас» деп аталады. Жүріс көбінесе осы отаудан басталады. 3—отау «атөтпес». 4—отау «жаманұй». 5—отау «бел» деп аталады. Бұл отаудың қақ ортасы. 6—отау «сардала». 7—отау «Қосан жылаған» (ертеде Қосан деген кісіні екінші ойыншы осы отауда өзіне «түзды» жасап ұта берген соң, ол жылаған екен). 8—отау «көкмойын» деп аталады. Бұл отаудан «түзды» жасағанда, шар көп жыйналады. 9—отау «аққасқа» деп аталады. Ойыншының бұл отаудан жүруі өзіне тиімді болмайтындықтан, бұл отаулары шарлар көпке дейін бузылмайды.

Ойнау алдында ойыншылар шарды 8ідес пен белгі алады да, әр қайсысы өз отауларына оны тоғыздан бөліп салады.

Бірінші ойында кімнің бұрын жүретіні жеребі арқылы шешіледі яғни жеребі кімге түссе, сол бұрын жүреді. Келесі ойында ұтқан кісі бастайды. Ойыншылар кезектесіп жүреді.

Ойын белгілі бір отаудағы шарлардың біреуінен басқасын сыпырып алып басқа отауларға ретімен бір-бірден салудан басталады. Бұл жүру (жүріс) деп аталады. Жүріс әрқашан оңға қарай жүріледі. Отаулардың біріне салмай аттап кетуге болмайды, арада отау қалдырмай

жүруші шарды өз отауларына да, қарсы ойнаушының отауларына да қатарлата салу керек.

Екі ойнаушының да бірінші жүрісі тек 1,я 2,я 3,я 4,я 5—отаулардан бастау керек. Кейінгі жүріс қалған отаулардың қайсысынан болса да бастала береді. Ойнаушының бір отауында жатқан шар тақ болса, жүруші өзінің жүру бетінде ол отауға тағы бір (соңғы) шарын қосып, ондағы шар санын жұпқа айналдырады, сөйтеді де отаудағы барлық шарды сыпырып алып, өзінің ордасына салады. Олай болмау үшін әрбір ойнаушы әр отаудағы шардың санын ықтық жұп етуге тырысады.

Әрбір ойыншы жүргенде өз отауларындағы шарлардың жұп болып қалуын көздеп, қарсы адамдікің тақ етіп кетуге тырысады. Бір жолда тақ қалып кетсе, келер жолы өзі жұп қылып барып, «жеп қоюды» көздейді. Өзінің отауларын жұп қылумен ол өзін өзі қауіпсіздандырады, өйткені, қарсы ойыншы жүрумен оның шарытақ болып қалады да түк ала алмай келеді. Отаулары шарларды жұпқа жеткізе жүру—«жаба жүру», тақ қыла жүру—«аши жүру» деп аталады.

Жүріс жүрген адам соңғы шарын қарсы жақтың отауына салғанда, ондағы шардың саны бір отауда төрттен төмен болса, жұп болмайтынмен алуға болмайды.

Ойыншының өз шары өз отауына немесе қарсы жақтың бос отауына түссе, түк ала алмайды.

Ойыншы жүріс үстінде өз отауының біріндегі шардың санын төртке жеткізіп кетсе, ол төрт құмалықты «қойым көздеді» деп өзі алып қояды.

Сондықтан екі ойыншы да өз жағынан «қой қоздатуға», қарсы жақтан «қоздатпауға» тырысады.


Отау ішінде жалғыз шар қалса, келесі жүрісте ол бір шарды екінші отауға ауыстырып жүруге болады.

Ойын ұямыды болу үшін «түздының» 5, 6, 7, 8 отаулардың бірінен жасалғаны дұрыс. Әресе, 8—отауда шар көп жыйналады.

«Түзды» қарсы жақтың отауынан оқасалғанда екінші жақтың «түздысын» оған қарама-қарсы тұрған отаудан жасауға болмайды. Егер ойыншы жүру үстінде өз отауындағы қос шарды отауға үшінші шар салғанымен, ол «түздыға» айналмайды. Ал, ол шардың үстіне ойнаушы кейінгі жүрісте 4—шар салса, ол отауға «қой қоздап» ондағы шарларды ойыншы сыпырып алып өз қазанына (ордасына) салады. Егер төртінші шарды қарсы ойнаушы кісі салса, жалпы ойын ережесі бойынша, жұп еткендіктен өз қазанына салады.

Ойынның аяқ кезінде ойнаушының отауында жалғыз-жалғыздан қана шар қалса, «түздының» бұған қосау керек, ендігі жүрістерде ол шарлар алдағы отауларға ауыстырып салынып жүріле береді. Сонда отаулардағы шар не «түздыға» түсіп, не қарсы ойнаушының отауына түсіп түгесіледі.

Екі ойнаушының бірінші отауларындағы шары таусылмай, жүрісі тоқталғанда, отауында бір не одан да көп шар қалғанымен, ол ойынның нәтижесіне әсер етпейтіндіктен ойын аяқталған болып есептеледі. Екінші ойнаушы өз отауларында қалған шарларды жыйып алып өз ордасына салады. Одан кейін екі ойнаушы өз «түздыларындағы» шарларды жыйнап алып, өз ордасына салады. Содан кейін ойнаушылар ордасындағы шарларын санайды. Кімнің ордасында шар көп болса, сол кісі ұтқан болып есептеледі. Ойнаушының шарының ұзын саны екіншісінен шақұрлым артық болса, сол суретте ұтысы ірі болады.



Бағасы 2 сом.

8730

ЖАС МОДЕЛЬШІЛЕР

